Қазақ этнолингвистикасының басында тұрған, перемелогизмдердің дербес ғылым ретінде қалыптасуына ықпал еткен академик Ө. Қайдар мақал-мәтелдердің пайда болып, қалыптасуы екі үлкен объективті ішкі және сыртқы факторға байланысты екенін атап көрсетеді [4]. Ғалымның теориялық тұжырымының түйінін шәкірті Ж. Байтелиева былайша тарқатады: «ММ-дердің ішкі факторға байланысты пайда болып, қалыптасуын әрбір этностық қауымның халық болып қалыптасуының ұзақ тарихи процесіне, рухани өмірі мен мәдени-әлеуметтік жағдаятына, тіршілік-тірлігі мен күн көріс тәсілдеріне, өзіндік дүниетанымы мен болмыстағы құндылықтарды бағалай білуіне байланысты деп білсек, сыртқы факторын сол этникалық қауымның бір табиғи ортада, жағырапиялық аумақта (уақытша не тұрақты) бірге жасап, біте қайнасып кеткен басқа халықтармен араласуының, бір-біріне тигізген рухани-мәдени әсеріне байланысты деп қараған жөн. ММ-дер жайдан-жай айтылмайды, белгілі мақсатты ойды жүзеге асыру үшін, тыңдаушының жан сезіміне ерекше әсер ету үшін қолданылады. ММ-дердің көпшілігі игі қасиеттерге үндеу, уағыздау сипатында болады» дегенді айтады [8: 82].

Қазақ тіліндегі орнитонимдік паремиялардың қалыптасуы мен даму тарихы ертедегі сақ, ғұн, көне түркілік дәуірлерден бастау алатындығын тарихтың сарғайған парақтарынан көруге болады. Сақ дәуіріндегі «Аң стиліндегі» құстардың бейнесінің өзі көне тарихтан сыр шертетіні мәлім. Бұдан кейінгі кезеңдердегі ХІ ғасырдағы Қараханид дәуірінде жазылған, бүгінгі түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» сөздігінде де құс атауларына қатысты мақал-мәтелдер біршама кездеседі [9]. Мысалы:

1 - к е с т е

Орнитонимдік паремиялардың диахронды-синхронды прагматикасы

Құш қанатын, Өр атын	Құс — қанатымен, Ер атымен
Көп сөгүтке құш қонар, Көркелуг кішіге сөз келір	Көп (бұтақты) ағашқа құс қонар, Көрікті кісіге сөз келер
Құш иафұзы сағзыған, Иығаш иафұзы азған, Иер иафұзы қазған, Бүдүн иафұзы барсған	Құс жаманы — сауысқан, Ағаш жаманы — азған, Жер жаманы — қазған, Ел жаманы — барсған
Бешкем үрүп атлақа, Ұйғұрдақы татлақа, Оғры иавұз ытлақа, Құшлар кебі ұштымыз	Белгі тағып аттарға, Ұйғырдағы таттарға, Ұры, жауыз иттерге, Құс секілді ұштық біз!
Келді маңа тат, Айдым емді иат. Құшқа болуп ет, Сені тілер ұс бөрі	Келді маған тат, Айттым: Енді жат! Құсқа болып ет* Сені тілер құзғын, бөрі

1-кестенің жалғасы	
Құш тұзаққа мең үшін ілінур	Құс тозаққа құлқынның қырсығынан ілігер
Қолдаш біле иарашғыл қаршып адын үдүрме, Бек тұт иаваш тақағу сүвлін иазын едерме	Қырдағы қырғауылды іздеп, Үйдегі тауығынды ұмытпа
Ақтүрүр көзүм иолақ, Түшленүр өрдек иуғақ	Қаз ұшып кетсе, көлді үйрек жағалар
Құш баласы құсыншығ ыт баласу охшаншығ	Құс баласы жиренішті, ит баласы сүйкімді

(Мысалдар М. Қашқаридың «Түркі сөздігінің» 1, 2, 3-томдарынан алынды).

Көрсетілген мысалдардағы мақал-мәтелдердің беретін мағыналары бүгінгі түркі халықтарының мақал-мәтелдерімен өзара толықтай мағыналас болып келеді. М. Қашқаридың түркі сөздігінде кездесетін орнитонимдік паремиялар бүгінгі күндері тілдік қолданыста толықтай болмаса да, ауызекі сөйлеу тілі мен көркем мәтіндерде жиі кездесіп тұрады. Мұнан біз түркі қағанаты кезеңінен бұрын басталып, күні бүгінге дейін үзілмей қолданыста келе жатқан даналық жолдың дәстүрлі сабақтастығын көруімізге болады.

Этнос мәдениетінің көрсеткіші тілдегі «даналық сөздердің» қалыптасу процесіндегі мәдени-әлеуметтік жағдаяттар мен тұрмыс-тіршілігіндегі тәжірибиелік тәсілдеріне байланысты көптеген орнитонимдер арқылы жасалған паремиялар пайда болған. Этностың мәдени тұрмысы мен дүниетанымын, өткен тарихы мен этнографиялық байлығын көрсететін орнитонимдік паремиялар этнос болмысын тануда маңызды рөл атқаратын тілдік тарихи деректер саналады. Мәселен, *Қара құс қайырған мен қыран болмас* деген паремияда қыран секілді қырағылық, батылдық, жүректілік құс біткеннің бәріне дарымайтындығын тура мағынасында сөз ете келе, ойды астарлап, сөзді тұспалдап құстың келбеті арқылы адамның характерін сөз етіп тұрғандығын байқауға болады.

Тілдегі орнитонимдік паремиялардың болмысынан этностың рухани заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты жинақталған мәдени-танымдық ақпараттардың бұғып жататындығын ескерсек, олардың этнос болмысын танытудағы ықпалы күшті екендігі даусыз. Орнитонимдік паремиялардың қалыптасуында құстарға тән табиғи жағымды-жағымсыз ерекшеліктердің (мықтылық-әлсіздік, тектілік-тексіздік, батылдық-қорқақтық, қайырымдылық-қайырымсыздық, мейірімділік-мейірімсіздік, адалдық-арамзалық, сақтық-аңғалдық, жомарттық-қызғаншақтық, т.б.) тілдік бейнесі арқылы этноқауымдастық өкілі адамның сын-сипатына, мінез-құлқына, іс-әрекетіне, қалып-күйіне т.б. қасиеттерін ауыс мағынада бейнелеп, дәл айқындау, мән-жайын тарқатып, поэтикалық образды түрде суреттеудің классикалық үлгісін көрсете білген. Мәселен тілдік қолданыстағы *«Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай»* деген паремиядан құс екеш құстарда өзінің балапаны үшін, бар мейірімін салып қарайтындығы, сыртқы жаудан қорғайтындығы бейнеленген. Құстардың ішінде де әлділері әлсіздерге әлімжеттік жасауы болмысынан берілген. Алайда әлсіздерінің өзі әлділерден өзінің балапандарын қанаты қатайғанша қорғап, қатарға қосатын болған. Құстардың осындай балапаны үшін жанкешті әрекетке баруы, ауыспалы мағынада адамға қарата айтылады. Бұдан этнос өкілдерінің құстар әлемінің тыныс-тіршілігін жақсы білгендігін байқауға болады. Құстар өздерінің балапандарын сыртқы жаудан, өзге де кедергілерден қорғау үшін, жанқиярлық әрекеттерге бара алатындығы этнос тілінде *«Қанаттыға қақтырмау, тұмсықтыға шоқтырмау»* дейтін паремияның қалыптасуына ықпал еткен. Бұл паремия өз кезегінде ауыспалы мағынада жұмсалып, адамға қарата айтылып, *«сенің табаныңа батқан шөңге, менің маңдайыма батсын»* дейтін паремиямен жарыса бір мағыналық кеңістікте қолданылады. Сондай-ақ, тілдегі *«Құстың жүрегі көзінен көрінеді»* деген мақалдың астарында аспан патшасы, көк еркесі, құс төресі саналатын бүркіттің сынына қатысты айтылады. Қарапайым былайғы жұрт бүркіт біткеннің бәрін мықты, тегеурінді деп сырттай бағалай беруі мүмкін. Ал саятшылар мен құсбегілер нағыз тегеуріні болаттай, алыстағыны жазбай танып, қиядағыны қиып түсер мықтыларын олардың болмыс-бітіміне қарап, тани білген. *«Құстың жүрегі көзінен көрінетіндігі»* бүркіттің көзінің өткірлігі мен қырағылығына, күн көзіне жасымай тура қарай алатындығына қарап *«қандыкөз», «көкшегір», «жезшегір»* деп бағалап, *«жүректі»* екендігін суреттеген. Көзжанары өткір бүркіт — жүректі, мықты болып келеді. Ал әлсіздерін көзіне қарап *«қарашығы тұнық емес», «ажарсыз», күңгірт болса қайратсыз санап, «мүзкөз», «құмкөз», «сөлбең қанат су көз», «қарға жүнді қара», «сабалақ сары», «күйік сары»* деп жақтырмай, тіпті *«Алса — құсым, алмаса — желпуішім»* деп, пейоротивті (жағымсыз) мағынада да қолданады. Әдетте орнитология ғылымында бүркіт өзінің жемтігін өте алыс қашықтықтан көре алатындығы айтылады. Ал осындай бүркіттің бойындағы ерекшелікті көзінен тани білген этнос өкілдері мақал-мәтелге айналдырып ұрпағына тіл арқылы аманаттап кеткен. Табиғат жаратылысының әрбір тосын ерекшелігін

тани білген этнос өкілдері адамның көзінен де үлкен психикалық характерлерді «*Жүректің сырын, көздің нұрынан байқа!*» деп «көзбен» көп нәрсені (мейірім, батылдық, жүректілік, қорқақтық, ұяңдық, жасықтық, т.б.) байланыстырып қарастырады.

Ел ішінде, бала тәрбиесінде, оқу-ағарту саласында «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» деген мақал өте жиі қолданылады. Бұл паремияның о бастағы шығу төркіні өзінің тура мағынасында құстардың соның ішінде жыртқыш құстардың (бүркіт, құмай, қаршыға, ителгі, лашын, т.б.) балапандарын баулуға қатысты әрекетіне қатысты туындаған. Құстардың ішіндегі кейбір жыртқыш құстар тобына жататын түрлері өздерінің балапандарының қанатын қатайтып, топшысын бекіту үшін жемтіктерін (қозы, лақ, қоян, қарсақ, т.б.) тірідей әкеп беріп, оларды болашақта жемтігін аулауға баулиды. Осы арқылы өз балапанын тамағын тауып жеуге, өзінің қарсыласымен соғысуға, өмірлік кедергілерді еңсеруге үйретеді. Жыртқыш құстардың балапандарын баулудағы осындай ерекшеліктерін құстар әлемін жетік білген этноқауымдастықтың өкілдері құсбегілер мен саятшылар біліп, бақылап отыратын болған. Олар көзімен көрген оқиғаны жай ғана бақылап қана қоймай, ел ішінде өзі шыққан саятшылық пен қансонар туралы шебер әңгімелеп беретін де өнер иесі саналған. Әдетте бүркітші, аңшы, саятшы, атбегілер жәй ғана жекелеген кәсіп яки өнер иелері ғана емес, өте шебер әңгімеші, хиссашы болып та келеді. Қазақ әдебиетінде М. Әуезовтің «Бүркітші», Т. Жексенбайдың «Қыран туралы хикаялар» атты туындыларында бүркітшінің әңгімесінен қансонардағы оқиғаларды баяндаудағы шеберлігі оқиғаны жәй ғана әңгімелеп қана қоймай, көз алдына болған оқиғаны елестетіп, кино лентаны көргендей әсерде жеткізе білуі бүркітшінің сөзге ұста, өнерге адал екендігін көрсетеді. Сонымен бүгінгі тілдік қолданыстағы «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» деген паремия бас-тапқыда тура мағынасының негізінде туындаған болса, уақыт өте келе тұрмыс пен тіршіліктің өзгеруі аталған паремияның да мағынасын өзгертіп, ауыспалы мағыналық мәнінің мазмұнын күшейткендігін байқауға болады. Бұл күндері «балапан» дегеніміз қабырғасы қатаймаған, бұғанасы бекімеген, оңы мен солын танымаған жас өскін «бала» дегеннің ассоциациясы ретінде жұмсалады. Ал әр баланың «ұясы» — бас ұстазы ата-анасы екендігі белгілі. Баланың ата-анасынан, отбасы-ошақ қасындағы көзбен көргені мен құлақпен естігені болашақ тәрбиесінің тірегіне айналады. Ол тәрбие жақсы болсын жаман болсын сол баланың өмірінде өзіндік із қалдырады. Қазақы дүниетанымда әр отбасы «ұлын ұяға, қызын қияға қондырудағы» дәстүрлі отбасылық тәрбиесі балапан күнінен беріледі. Аталған паремиядағы «ұя» сөзі адамға қатысты қолданылып, «отау, үй, үйелмен, отбасы» деген мағынада жұмсалынады. Әр отбасының отбасылық тәрбиесі ата-анасының тәрбиесіне тәуелді. Мәселен, қазақта «*қасқыр күшігіне үруді емес, ұлуды үйретеді*» деген сөз бар. Мұнда қасқырдың бойындағы қасқырға ғана тән тағылық пен ұлылық қасиеттер, оның күшігіне қанмен, жанмен, тәрбиемен даритындығын меңзейді. Сонымен, «*Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі*» деген паремияның астарындағы танымдық семантикасының мазмұнын осындай кең өрісте, өмірлік шынайы тәжірибеден алынып, ауыспалы астарлы мағынада жұмсалатындығын көруге болады.

Академик Ә. Қайдар: «Қазақ мақал-мәтелдерінің халықтың өткен өмірі мен бүгінгі болмысын танып білуде дүниетанымдық, логикалық, этнолингвистикалық жағынан мәні өте зор. Себебі, дүниеде, қоғамда, табиғатта қалыптасқан құбылыстардың бәріне мақал-мәтелдердің қатысы бар. Дүние болмысының өзінде о бастан-ақ қалыптасқан табиғи реттілік бар. Ол реттілік барша заттар мен құбылыстарды үлкен үш салаға топтастырып, ішкі жүйесі мен мағынасына қарай шоғырландырып қарағанда ғана көрінеді» дей келе, мақал-мәтелдерді шартты түрде «Адам-Қоғам-Табиғат» үштігі контекстінде қарастырып, осындай үш топқа топтастырады [4: 142]. Ғалымның осы топтамасына сәйкес, қазақ тіліндегі орнитонимдерді «Табиғат» тобына жатқызуға болады. Алайда тілдегі паремиялардың тілдік-танымдық табиғатын тануда «Адам-Қоғам-Табиғат» триадасын жеке дара дербес, бөлек-бөлек қарастыруға келмейді. Керісінше оларды өзара біртұтастықта қарастырғанда ғана, тілдегі паремиялардың бүтіндей болмысын тануға болады. «Адам-Қоғам-Табиғат» триадасының түсіндірмесін тілдегі он сегіз мың ғалам, он екі сәт деген ескілікті сөз орамдарының танымдық семантикасынан аңғаруға болады. Он сегіз мың ғалам — алты мың *нәбәтат* (өсімдіктер әлемі), алты мың *мақұлқат* (жануарлар әлемі — жүгірген аң мен ұшқан құс), алты мың *жамигат* (адам болмысы — адамдар ортасы, әлеумет, қоғам) болып өз ішінен үшке (нәбәтат, мақұлқат, жамигат) бөлінеді. Осылардың ішіндегі табиғаттың бір бөлшегі орнитонимдер жаратылыстың тамаша бір жанды құбылысы ғана емес, өзіндік рухани және материалдық байлығы саналады. Этнос дүниетанымындағы орнитонимдердің рухани байлықтың көрсеткіші екендігін, тілдегі құс атаулары мен құстар әлемінің қатысуы арқылы жасалған тілдік бірліктерді жатқызуға болады. Оларға тілдегі фразеологизмдер, паремеологизмдер, прецедентті мәтіндер, аңыз-әңгімелер, ертегілер мен жыр-дастандар, этнографизмдер мен әдет-ғұрыптар, т.б.

жатады. Мәселен, бір ғана қыран құстың өзі ерекше қасиетті саналып, этнос дүниетанымындағы «*жеті қазына*» деп аталатын категориясының орнын толтырғандығынан көруге болады. Ал материалдық байлықтың көрсеткіші ретінде, этнос дүниетанымында орнитонимдерді табиғаттың әрбір жанды-жансыз құбылысы тәңірінің берген сыйы ретінде бағаланған. Құстардың бойындағы осы ерекшеліктерінің барлығы тілдегі паремологиялардың болмысынан анық көрінеді. «Тіл иесінің бағзы заманнан қоршаған ортаны игеруіне қатысты жинақтаған өмірлік тәжірибесі, әлеуметтік-қоғамдық қарым-қатынастарының тұжырымдамасы тілдік бірліктердің ішкі мазмұндық құрылымында этномәдени ақпараттар жүйесі түрінде сақталады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің паремологиялық қоры — тілдік этномәдени ақпараттар жүйесінің құрамдас бөліктері болып саналады. Өйткені олардың мазмұн межесі мен мағыналық құрылымында, ішкі формасында, уәждік негіздері мен фондық астарында ұлттың (халықтың, этностың) сан ғасырлық қоғамдық, тарихи, мәдени тәжірибесі бекітіледі. Сондықтан да әр паремияны дүние (ғалам) бейнесінің кесіндісі, дүние суретінің тілдік моделі деп санауға болады» [10: 38].

Орнитонимдік паремиялардың жалпы мағынасының астарынан «құстар әлемін» «адамдар әлемімен» алмастыру, теңеу, салыстыру, ұқсату, меңзеу, шендестіру, т.б. үрдісін байқауға болады. Мәселен тұрмыстық өмірде адамдар арасында «қыран тектес қырағы, жүректі», «сұңқар текті сұңғыла, тегеурінді», «қарлығаш тектес мейірімді», «бұлбұл тектес әнші», «сандуғаш тектес сәнді», «сауысқан тектес сақ, сұмырай», «аққудайын әдемі», «қарға мен құзғын секілді сүйкімсіз», «шымшыққа ұқсаған шіңкілдек», «қораздайын қоқылдақ», «тотыдайын таранған, сұңқардайын сыланған», т.б. адам болмысын суреттейтін образдар болады. Әлбетте бұлар көзге бірден түсетін, өзгенің назарын өзіне аудармай қоймайтын құстар десек, осылардың ішіндегі көзге көрінсе де көріне бермейтін, елеусіз-ескерусіз құстардың бірі — торғай. Тілде торғайға қатысты «*Бір жердің жынды торғайы, Бір жердің пұлды торғайы*» деген паремия бар. Мұнда «торғай» абстрактылы мәндегі ауыспалы мағынада қолданылып, адамға қарата айтылады. Аталған паремияға «торғайдың» тірек болуы, торғай табиғатынан елеусіз, ескерусіз, әлсіз, қорғансыз құстардың қатарына жатады. Ал контекстегі «торғай» жәй ғана «торғай» емес, «жынды торғай/пұлды торғай» ретінде берілуі ойдың ұтымдылығы мен сөздің әсерлілігі (эффектісі) үшін қолданылған. Бұл мақалды тура мағынасында торғайдың нарқы мен парқын, құны мен пұлын бағамдаудың қажеттілігі жоқ. Мұнда ойды астарлап, сөзді тұспалдап, тікелей ауыспалы мағынасы арқылы зерделеу қажеттігі туындайды. Аталған паремиядағы «торғай» елеусіз адамның еленетіндігі, өмірде елеусіз-ескерусіз дүниенің болмайтындығын меңзейді. Бір жердегі яки туған ортасы ескермеген, тіпті көзге ілмей, менсінбей «жынды» санаған адамның (торғай), екінші бір ортада бәлкім жырақта өзінің бойындағы бұла күшті көрсетіп, қадыры артып, сыйлы болып, «пұлды» саналуы өмірде жиі кездесетін жағдаятқа жатады. Бәлкім қазақы орта «*қолда барда алтынның қадыры жоқ*» дегенді осыдан кейін айтқан болуы мүмкін. Бір ортада бағаланбай «жынды» саналып, екінші ортада мойындалып «пұлды» саналу, өмірдің өз заңы, «торғайдың» бейнесінде берілген, халық даналығының өмірлік контрасты құбылыстарды тіл арқылы бейнелеген, даналық ойының үзігі деп түсіну керек. Дүние құбылыстары «адамдар арқылы айтылып, адам арқылы қабылданғанның барлығы да когнитивтік талдаудан өтеді. Әлемге деген көзқарас мәдени таңбалар арқылы, олардың стереотиптері негізінде, эталондар арқылы жүзеге асады; соның негізінде тілдің таңбалық мағынасы дүниетанымның мәдени-ұлттық жүйесімен қатынасқа түседі» [11: 101].

Этностың дәстүрлі дүниетанымында «*Адам қартайса азарады, құс қартайса қараяды*» деген даналық сөз бар. Бұл паремияның мазмұны тура мағынасының негізінде туындаған, екі құбылысты өзара салыстырудың нәтижесінде пайда болғандығын байқауға болады. Адамның қартайғанда ағаруы табиғи, биологиялық, физиологиялық құбылыс. Адам баласының биологиялық өсуінің тежеліп, физиологиялық қуаты тайғанда, әжім әлім жеттік жасап, маңдайын ақ шалып, шашына ақ түсіп, ақ сақалды, сары тісті кейіпке енуі, өңі бозарып, сүйегінің қуаруы табиғи заңдылық. Ал бұл құбылыс қыран құста керісінше жүретіндігі табиғаттың тылсым жаратылысын көрсетеді. Бұл турасында А. Тойшанұлы: «Әсілінде, құстың құйрығы он екі тал болады. Бүркіттің балапан, тірнек, тастүлек, ана жасына дейін құйрық пен қанатының асты ақ болады. Тек ана жасынан өткенде қараяды. Қартайған сайын ақ жүні азайып, қылаңдары жойылып, барандай бастайтындықтан кәрі бүркітті «баршын», «барқын» деп атау қалыптасқан. Балапан жасында құйрығының ұшында төрт елідей қарасы болады. Онан жоғары жағы ақ болады. Анықтап қарағанда, құйрықтың ортасындағы шыбықтың екі жақ ақ елпінде аздаған шашыранды, қара ноқат белгілері болса, оны «*қара тарлан, жай тарлан*» деп тұжырым жасап, «*сүрімді қыран шықпайды*» делінеді. Егер құйрықтың елпіндегі шашыранды ноқаттары қызғылтым реңді болып біткен болса, онда «*нағыз қызыл тарлан, қан тарлан*» деп аталып, қыран

сынына толғаны *«Тарлан салған тарықпас»* деп бағаланады» дегенді айтады [12]. Бұдан этностың адам мен құстың жаратылысын, биологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін ғылым мен техниканың жетілмей тұрған заманында жетік біліп, тіл арқылы түйіндеп кейінгі ұрпаққа қалдыра білгендігін анық көруге болады. Адамның қарттыққа бой алдырғанда тәнінің ағаруы өзінің еркінен тыс физиологиялық табиғи құбылыс саналса, оның кір шалған көңілді, тот басқан жүректі, қарайған пейілді тазартуы өзінің еркімен шынайы ниетімен болатын құбылыс саналады. Сонымен адамның «қарттығы ағарумен, қырандікі қараюмен аяқталуы», өмірдегі әрбір құбылыстың контрасты бейнесі этнос мәдениетіндегі қарапайым паремия арқылы дүние бейнесінің қарабайыр үзігінің суретінен көрінеді. Яғни, «қазақтың этноәлеуметтік мінездеме сипатындағы мақал-мәтелдері, қазақ ру-тайпаларының тектамырына, мекен-тұрағына, кәсіп-харекетіне, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына қатысты мейлінше құнды деректер беріп отырады» [13; 599].

Күнделікті тұрмыстық өмірде *«Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ»* дейтін паремия жиі қолданылады. Этнос мәдениетінде бұл паремияны ауыспалы мағынада басына іс түскен немесе жақыны өліп қаралы болған, қайғыдан қан жұтып отырған азалы адамды (отбасын, әулетті, рулы елді) жұбату, көңіл айту, сабырға шақыру, басу айту мақсатында, тұрмыстық өмірде жиі пайдаланады. Этнос дүниетанымындағы бұл паремияның қызметі басу айту, сабырға шақыру, «болған іске болаттай берік болу», «басқа түссе баспақшыл» деп, басқа түскен ауыртпалықты «қылша мойным талша» деп көтере білуге үндейді. Адамды басына түскен жағдайға көндігіп көне білуге, «Алланың мың бір аты — Сабыр» деп, сабырға келуге насихаттайды. Қазақ халқының ұлттық дүниетанымында уайымсыз-қайғысыз, «төрт құбыласы түгел», «қағанағы қарқ, сағанағы сарық», «болдым-толдым» деген адам болмайды. Басына «мың жылқы біткен», «кәрі қойы алжып өлген», «жегені алдында, жемегені артында», «үріп ішіп, шайқап төгіп» отырған дәулеті асқан адамның да бір уайымы болатындығы, ал «кедейдің бай болғысы, байдың құдайға жеткісі келетіндігі» пендеәуи заңдылық. Осыған қарата халық даналығы әркімнің өз несібесі тәңірінің сыйы екендігін «қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деп адамды қанағатшылдыққа, сабырға шақырады. Адамды сабырға шақыру үшін халық даналығы адамды адаммен салыстырмай, адамды жан-жануарлар, аң-құстар әлемі арқылы да салыстыра суреттеу үрдісі этнос мәдениетінде кең тараған. Бұл дегеніміз этнос дүниетанымындағы адам мен әлемнің (табиғат) өзара тепе-теңдігін көрсететін дала философиясының тұспалды ойының астарлы сөзбен құндақталып жатқандығын көрсетеді. Аталған мақалдың тура мағынасы өмірлік тәжірибиеден, көзбен көріп, қолмен ұстаған күнделікті тұрмыстық өмірден алынған. Сұңқар біткеннің қанаты бүтін, қауырсыны түгел, топшысы тұзу бола бермесі анық. Оның себебі сұңқар өзінің жемтігіне түскенде не жауымен соғысқанда олар да қарап тұрмай, жан алып, жан берісерлік жанкешті қарсы әрекетке барады. Сол аралықта сұңқардың қанатынан майырылуы, өзіне зақым келуі табиғи құбылыс саналады. Өмірдің заңы бойынша біреу жаныңды алам деп тарпа бас салғанда, оған қарап тұрмай қарсы әрекет жасау «өлсемде жастығымды ала құшайын» деп, жанұшыра жанталасу, өмір үшін күресу табиғи заңдылық. Ал мақалдың екінші тармағындағы «тұяғы бүтін тұлпардың болмауы» ол да өмірдің шынайы бейнесінен алынған. Тілдегі «мақал-мәтелдердің уәжін анықтау айтылымның пресуппозициясы мен астарлы (имплицитті) мағынасымен байланысты. Демек, тілді білу, кез келген тілдік оралымды түсіну адамда болуға тиісті аялық білімнің деңгейіне қатысты. Білім аясы танымдық әрекетпен, яғни адамның ойлау жүйесімен байланысты» [14; 109]. Қазақта *«жақсы ат аяғынан қалады»* деген сөз бар. Аттың жақсысы тұлпар саналады. Тұлпар тұяқты жануар, яғни жылқы аяқты мал болғандықтан, тау жүреді, тас жүреді, ол жүрген жер «тақтайдай тегіс болмайды». Сондықтан тұлпардың аяқтан сүрініп, тұяқтан тозуы мен мерттігуі тұрмыстық өмірде бар жағдай. Осыған сәйкес, жоғарыдағы аталған паремиямен мағыналық өрісі бір *«Табаны тозбас тұлпар жоқ. Қанаты талмас сұңқар жоқ»* деген мақал жарыса қолданылады. Сонымен мұнда көрсетілген паремиялар этностың шынайы тұрмыстық өмірінен алынып, адам санасында ассоциацияланып, поэтикалық образды түрде ауыспалы мағынадағы қолданысы кеңінен тараған.

Мақал-мәтелдер — этноқауымдастықтың өкіліне «өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алуға», «болмыстағы құндылықтарды танып-біліп, заңдылықтарын ашып, олар туралы ой мен түсінігін тұжырымдап айтуға», «адамзат қауымына тән ортақ көзқарас пен құндылықтарды бағалауға» көмектесетін тілдік дидактикалық фактілер саналады. Олардың шындық болмыстағы нақты заттар мен құбылыстарға қатысты туындаған алғашқы мағынасы мен оның мағыналық даму барысында абстракцияланып, адамға бағышталған ауыспалы мағынасы арасындағы логикалық, уәждік, семантикалық байланыстың, гомоцентристік үрдістің таби-

ғатын жекелеген паремияларды лингвокогнитивтік аспектіде талдау арқылы көрсетуге болады [10: 50].

Қазақ тілінің сөздік қазынасындағы орнитонимдік паремиялар ғалам бейнесін танудағы танымдық әрекеттерінің ассоциативтік үлгісі, көзге көрінбейтін көңілмен түйсінетін таным талшықтары саналады. Этностың ғалам бейнесін танудағы әрекеттері орнитонимдік паремиялар арқылы да жасалып, тіл иесі этноқауымдастық өкілдерінің поэтикалық образды ойлауымен, көркем сөйлеуімен, ділдік ерекшелігімен астасып, этнотанымдық мәнге ие болады. Орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасында этностың сөз байлығы мен когнитивтік санасында заманалар бойы жинақталған аялық білімі мен танымдық қорының қатпарлары бейнеленеді.

Қорытынды

Тілдік қолданыстағы орнитонимдік паремиялар этнос дүниетанымына қатысты категорияларды экстралингвистикалық мәнділіктерімен сабақтастықта қарастыра отырып, этномәдени семантикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқындауға өзіндік ықпал етеді. Тілдегі орнитонимдік паремияларға қатысты туындаған этномәдени семантикалық түсініктердің таңбалануы ақиқат өмірмен байланысты лингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Сол арқылы даналық ойдың рухани мәдениетпен астасып жатуы этнос мәдениетінің тұрмысы мен рухани әлемінің көкжиегін көрсетеді. Сондықтан да тілдегі орнитонимдік паремиялар этностың ұлттық, мәдени, рухани, әлеуметтік, халықтық, дәстүрлі этномәдени мәнін көрсетеді.

Құс атауларына қатысты қалыптасқан мақал-мәтелдердің жасалуы мен семантикалық тұрғыдан дамуы белгілі бір құбылыстар мен заңдылықтар негізінде жүзеге асырылады. Бұл заңдылықтар орнитонимдік паремияларды мұқият диахрондық зерделеу мен олардың шығу тегін анықтаудан көрінеді. Қазақ тіліндегі біз қарастырып отырған орнитонимдік паремиялар этностың тарихи-этнографиялық процестері, рухани-мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниені қабылдауы, құстар жөніндегі нақты ұғым-түсініктері туралы ақпараттарды береді. Оларда тіл мен этностың, адам мен құстың, тіл мен рухани мәдениеттің өзара тығыз байланысының жарқын көрінісі бейнеленген. Адам мен табиғаттың арақатынасы негізінде қалыптасқан орнитонимдік паремиялардың уәждік белгілерін айқындау, ауыспалы контекстегі қолданысын, күнделікті тұрмыс пен шаруашылықтағы орнын сипаттап, этнографиялық деректерін келтіре отырып этномәдени тұрғыдан талдау этностың ғалам бейнесіндегі құстар туралы этникалық түсінігін көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: филол. ғыл. канд. ... дисс. авторефераты. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / Ш.П. Қарсыбекова. — Алматы, 2004. — 26 б.
- 2 Сағидолла Г.С. Түркі — моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері / Г.С. Сағидолла. — Астана, 2010. — 250 б.
- 3 Қанапина С.Ф. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелілігі (Ғ. Мұстафин, С. Мұқанов негізінде): филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / С.Ф. Қанапина. — Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2005. — 143 б.
- 4 Қайдар Ә.Т. Халық даналығы / Ә.Т. Қайдар. — Алматы: «Тоғанай Т» баспасы, 2004. — 560 б.
- 5 Бабалар сөзі: [Жүзтомдық]. — Т. 66 / Қ. Алпысбаева (жауапты шығарушы). — Астана: «Фолиант», 2010. — Т. 66: Қазақ мақал-мәтелдері. — 408 б.
- 6 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері / Ө.Тұрманжанов. — Алматы, 2006. — 389 б.
- 7 Әлімбаев М. Мақал — сөз мәйегі / М. Әлімбаев. — Алматы, 2013. — 172 б.
- 8 Байтелиева Ж.Д. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі: фил. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.06 — түркі тілдері / Ж.Д. Байтелиева. — Алматы, 2007. — 147 б.
- 9 Қашқари М. Түрік сөздігі. — Т. 1, 2, 3 / М. Қашқари. — Алматы: Арда+7, 2017. — 592 б.
- 10 Исаева Ж.И. Дүниенің паремиялогиялық бейнесі (лингвомәдениеттанымдық аспект): фил. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы: 10.02.02 — қазақ тілі / Ж.И. Исаева. — Алматы, 2007. — 126 б.
- 11 Авакова Р. Фразеосемантика / Р. Авакова. — Алматы: Қазақ университеті, 2013. — 246 б.
- 12 Тойшанұлы А. Қыран сыны / А. Тойшанұлы // Ана тілі. Ұлт газеті. — 2015. — 14 қаңтар.
- 13 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу / А. Сейдімбек. — Астана: Фолиант, 2008. — 728 б.
- 14 Дина Б.Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық-прагматикалық аспектісі: филол. ғыл. канд. ... дисс. Мамандығы 10.02.02 — қазақ тілі / Б.Б. Дина. — Алматы, 2002. — 118 б.

С.А. Жиренов

Этнокультурное семантика орнитонимических паремий

В статье рассмотрен этнокультурный характер орнитонимических паремий, сформировавшихся в языке как национальной идентичности и менталитета, мировоззрения и быта этноса в лингвистическом аспекте. Орнитонимические паремии предоставляют ценную лингвистическую и когнитивную информацию о прошлой жизни этноса, национальной культуре и мировоззрении, духовной и материальной близости человека и птичьего мира. Часть пословиц и поговорок на казахском языке состоит из паремий о птицах, о мире птиц. Птицы в бытовой культуре этноса живут в тесном духовном и материальном взаимодействии с представителями этносов. Связь между птицами и людьми четко прослеживается в орнитонимических паремиях в языке этносов. В качестве материала исследования статьи рассматриваются мировоззрение, культура, история, традиции, религиозное понимание, взгляд на мир птиц этноса в орнитонимических паремиях в лингвистическом аспекте. Орнитонимические паремии в языке изучаются с научно-теоретической и практической точки зрения как этнокультурное проявление исторических, культурно-духовных, социальных особенностей этноса в обществе.

Ключевые слова: этнос, орнитонимическая паремия, культурное познание, языковое познание, человек, мир птиц, общество, природа.

S.A. Zhirenov

Ethnocultural semantics of ornithonymic proverbs

The article examines the ethnocultural nature of ornithonymic proverbs formed in the language as a national identity and mentality, worldview and life of an ethnic group in the linguistic aspect. Ornithonymic proverbs provide valuable linguistic and cognitive information about the past life of an ethnic group, national culture and worldview, spiritual and material closeness of humans and the avian world. Some of the proverbs and sayings in the Kazakh language consist of paremias about birds, about the world of birds. Birds in the everyday culture of an ethnic group live in close spiritual and material interaction with representatives of ethnic groups. The connection between birds and people is clearly traced in ornithonymic proverbs in the language of ethnic groups. The article considers the worldview, culture, history, traditions, religious understanding, a view of the ethnic group to the world of birds in the ornithonymic proverbs in the linguistic aspect. Ornithonymic proverbs in the language are studied from a scientific-theoretical and practical point of view as an ethnocultural manifestation of the historical, cultural, spiritual, social characteristics of an ethnic group in society.

Keywords: ethnos, ornithonymic proverb, cultural cognition, linguistic cognition, man, the world of birds, society, nature

References

- 1 Qarsybekova, Sh.P. (2004). Qazaq tilindegi maqal-matelderdi toptastyrudyn etnolingvistikalıyq printsıpteri [Ethnolinguistic principles of grouping proverbs and sayings in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 2 Sagidolda, G.S. (2010). *Turki—mongol dunie beinesinin tildik fragmentteri* [Language fragments of the Turkic-Mongolian picture of the world]. Astana [in Kazakh].
- 3 Qanapina, S.G. (2005). Qazaq tilindegi maqal-matelderdi tanymdyq beineliligi (G.Mustafin, Muqanov negizinde) [Cognitive representation of Proverbs and sayings in the Kazakh language (based on G. Mustafin, S. Muqanov)]. *Candidate's thesis*. Almaty: Abai atyndagy Qazaq ulttyq pedagogikalıyq university [in Kazakh].
- 4 Qaidar, A.T. (2004). Khalyq danalygy [Folk wisdom]. Almaty: "Toganaı T" baspasy [in Kazakh].
- 5 Alpysbayeva, Q. (Eds.). (2010). *Babalar sozi: Zhuztomdyq* [Word of ancestors: Hundredth volume]. T. 66. *Qazaq maqal-matelderı — Kazakh Proverbs and Sayings*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 6 Turmanzhanov, O. (2006). *Qazaqtyn maqaldary men matelderı* [Kazakh proverbs and sayings]. Almaty [in Kazakh].
- 7 Alimbayev, M. (2013). Maqal — soz maiegi [Proverbial corpse]. Almaty [in Kazakh].
- 8 Baitelieva, Zh.D. (2007). Qazaq tilindegi zhylyq malyna qatysty frazeologikalıyq tirkesterdin etnomadeni uazhdemesi [Ethnocultural motivation of phraseological phrases related to horse cattle in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].
- 9 Qashqari, M. (2017). *Turik sozdigi* [Turkish dictionary] (Vol. 1, 2, 3). Almaty, Arda+7 [in Kazakh].
- 10 Isaeva, Zh.I. (2007). Dunienin paremiologikalıyq beinesi (lingvoadeniennetanymdyq aspekt) [Paremiological picture of the world (linguoculturological aspect)]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].

- 11 Avakova, R. (2013). *Frazeosemantika [Phraseosemantics]*. Almaty, Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 12 Toishanuly, A. (2015). Qyran syny [Eagle criticism]. *Ana tili. Ult gazeti — Native language. Newspaper of the nation*, 1(27), 35–36 [in Kazakh].
- 13 Seidimbek, A. (2008). *Qazaqtyn auyzsha tarikhy: Zertteu [Oral history of Kazakh: Research]*. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 14 Dina, B.B. (2002). Qazaq tilindegi maqal-matelderdin tanymdyq-pragmatikalyq aspektisi [Cognitive-pragmatic aspect of Proverbs and sayings in the Kazakh language]. *Candidate's thesis*. Almaty [in Kazakh].

G. Issina, A. Beisembayeva*

Karaganda University of the name of academician E.A. Buketov, Karaganda, Kazakhstan
(e-mail: g.issina@mail.ru, aigerim1707@mail.ru)

On the problem of gender and gender identity in various linguocultures

This article discusses the problems of gender and gender identity. Theoretical and practical aspects of gender identity formation are considered in particular such directions as sociolinguistic, linguoculturological, communicative-discursive and psycholinguistic. The necessity of a detailed study of the problems of masculinity and femininity from the perspective of person and language is revealed and justified. The article provides examples from various linguistic cultures that clearly demonstrate the differences and similarities in the cognitive perception of a person, taking into account his/her sex. It is revealed that the problem of gender and gender identity originates from ancient times, vividly reflected in oral folk art, in particular in proverbs and sayings. Gender identity in this perspective is a portrait of the person himself, his stereotypical ideas about his/her sex, taking into account culture, language and society. Based on the analysis carried out by the authors, it is shown that language does not just fix gender identity, characteristics or personality qualities related to gender, it constructs and creates them.

Keywords: gender, gender identity, masculinity, femininity, discourse, language, culture, sex.

Introduction

The development of gender studies in linguistics begins at the end of the XX century with the advent of postmodern philosophy. A new understanding of human activity has led to a revision of such basic categories as personality, sex, age, ethnicity, etc. These categories were considered biological for some time, however, new approaches to categorization, the development of new disciplines led to the formation of new terminology. The concept of “gender” appeared which, from a linguistic point of view, was supposed to describe the mechanisms of its manifestation in language and communication [1]. The modern interpretation of the concept affects various aspects of gender issues, including research not only in the field of masculinity and femininity, as well as the consideration of personality from the standpoint of individuality, identity, both national and gender. The range of issues expands to the study of gender within the framework of a person's cultural worldview and the reflection of his position in language, traditions, creativity, literature, etc. Fiction and creativity have become a storehouse of the history of the development of gender, gender relations and stereotypes, which from word of mouth, from an early age; subconsciously teach every person the question of gender and his gender identity.

Methods and materials

The research methodology was based on the theoretical and practical research material of such linguists as E. Goroshko, J. Mann, S. Vul, A. Kirilina and others. The research methodology is interdisciplinary in nature, which includes a continuous sampling method and comparative analysis. Using the research methods, the analysis of proverbs and sayings of Russian and English linguistic cultures was carried out, and lexical and semantic means reflecting masculinity and femininity were studied.

Results and discussion

In 1955, the American psychologist and sexologist John Money first identified the term “gender”, previously used in the lexical and grammatical category. Initially, this term referred to people whose sex was difficult to determine due to their special self-image. According to Money's conclusion, the differences between the sexes are the difference between their physiological belonging to masculinity or femininity, as well as to what processes occur in the head of the person himself. Money's ideas became a revolution that led to completely new research about man.

According to John Money, any person can be programmed, that is, taught to be a boy or a girl. In our time, this idea has found a great response, especially in Western culture. Up to 7 years old, the child is asex-

* Corresponding author's e-mail: aigerim1707@mail.ru

ual. Over time, he must decide on his own which gender he wants to belong to. Accordingly, the form of addressing children, the manner of presenting information, cultural aspects of upbringing, perception and integrity of the organization of life activity are changing [2].

Moreover, John Money formulated the theory of “Adam's principle”, which is that at all critical stages of development, if the body does not receive any additional signals or commands, sexual differentiation automatically proceeds according to the female type, in order to create a male at each stage of development, it is necessary to “add” something that suppresses the feminine [3].

For example, in psychoanalysis, the role of mother and father in the upbringing of children is often discussed. The opinion that a child needs a mother first of all is not always true. At the very beginning of the child's development, the mother teaches him the ability to empathize, love, appreciate, respect. But normally, the father should take no less active part in the development of the boy, being a model of masculinity. The culture of education is directly reflected in the speech of parents in relation to their children, instilling in them from birth the traits of muscularity and femininity: “boys don't cry”, “you're a girl”, “you're a kid”, “man!”, “princess” and others.

In the XX century, several approaches to understanding gender and gender identity appeared. First of all, it is believed that gender is about sex. This means that human anatomy is primary and most important, since it determines the psychological state of a person and the manifestation of male and female traits. At the same time, gender is a cultural product with femininity and masculinity. The concepts that include “femininity” and “masculinity” are culturally defined, culturally formed and can vary quite a lot and change depending on the country, culture or era.

Western and Eastern cultures can serve as the most vivid examples of masculinity and femininity. The image of a woman carries a different understanding, meaning and values. The meaning-oriented values of Eastern culture create the image of a mother, the keeper of the hearth, and at the same time, endow her with fewer rights and opportunities than in Western culture. For a long time, a woman did not have the right to be on an equal footing with men. The values of Western culture are built primarily on the idea of equality and freedom, where every woman is on the same level as men and has all the possibilities as representatives of the stronger sex. For example, in Western culture, women and men can sit at the same table, while in Eastern culture, men and women sit separately. Nonverbal communication between the sexes is just as great in different cultures. In the West, looking a man in the eye is considered the norm, while in many Asian countries, women are not only not supposed to look a man in the eye, but also walk in front of him. Gestures and facial expressions of women are scarce, which defines them as modest, quiet and submissive representatives of the weaker sex. However, recently, within the framework of intercultural communication, Western women have noted that the position of the East has its advantages, creating protection, support and social guarantee in the person of a man.

If we turn to Chinese linguoculture, we can give such an example of masculinity and femininity as “Yin” and “Yang”, that is, “male” and “female”. According to ancient Chinese mythology, these two forces are interpreted as polar cosmic forces, the interaction of which gives life to the Universe. The word “Yin” symbolizes darkness, cold, humidity, softness, passivity, pliability, and “yang” — light, dryness, hardness, activity, etc. The union of a man with a woman resembles the cosmic marriage of Heaven with Earth during a thunderstorm. In most mythologies, the moon, earth and water are treated as feminine, and the sun, fire and heat are treated as masculine, etc. [3].

These examples of the opposition of male and female speak of a binary opposition, with the help of which human consciousness tries to order the world. The most striking examples of such an antonymy are the following: happiness — misfortune, white — black, man — woman, life — death, right — left, etc.

The perception of a linguistic personality, including a gender linguistic personality, is based on a system of subject meanings and stereotypes. Gender stereotypes are considered as coded images, represented in behavioral models and expressed in the language of the gender personality [4].

We have used metaphors, proverbs and sayings as examples, since they are, in our opinion, particularly informative material reflecting the problems of masculinity and femininity in a diachronic aspect.

Metaphors about “male” and “female” in different linguistic cultures are quite different, but the general idea is the same. It all boils down to the fact that everything good in a woman comes from a man, and everything bad in a man comes from a woman. For example, in Russian creativity there is a strong polarization of the properties of masculine and feminine, and everything masculine has a positive coloring. “Courageous” — patient, brave, invincible”. Endowing a woman with masculine traits elevates her, and female traits humiliate a man. If a woman has a “man's heart”, this is good, whereas a man with a woman's heart is a weakling, a coward. Cowardly voivodes are called “Scopians with a woman's heart”. The following words and expres-

sions with different emotional coloring are recorded in the language: flirtatious, narcissistic, narcissist, bitch, hysterical, masculine character, cunning, emotionality and so on.

Also relevant are such stable combinations as: *«все бабы — дуры», «волос долгий, ум короткий», «муж — глава семьи», «бабы умы разоряют дома», «женищина хитрее черта», «где баба, там не надобен черт», «где сатана не сможет, туда бабу пошлет», «Women are wacky, women are vain; they'd rather be pretty than have a good brain», «A man without ambition is like a woman without looks», «When an ass climbs a ladder, we may find wisdom in a woman», «Women have nine measures of talk», «A woman's hair is long; her tongue is longer», «Any woman can keep a secret, but she generally needs one other woman to help her».*

According to the concept of the French anthropologist and writer Nicole-Claude Mathieu, who was engaged in gender studies and materialistic feminism, gender and sex are practically unrelated. Moreover, gender constructs gender. In other words, the concept that exists in culture, i.e. biological differences that are in demand in culture, acquire the character of super-valuable.

Robert Stoller wrote in 1992 that gender identity is a complex system of beliefs about oneself [2]. In his opinion, in order to have a certain gender identity, sex is not important, since it does not say anything about the person himself. Much more important are the ideas of the person himself, formed by culture, society and individual experience. According to R. Stoller, the gender identity of an individual is formed throughout life. And it is impossible to guess at what stage of formation it will stop.

According to the popular Russian psychotherapist Isaev D., gender identity should give awareness of one's gender identity, that is, "I am aware, I understand who I am". In the understanding of ordinary people, such ideas as "male identity" and "female identity" have become entrenched. In fact, there is only the concept of "gender identity", which includes all the features of carriers and their definitions of a particular gender group.

In his work "Man in a Changing World", Kon I. writes that gender identity is a basic, fundamental sense of belonging to a certain gender, awareness of oneself as a man, a woman or a being of some other, "intermediate" or "third" sex [3]. A person can have more than one personality. There is one person at home, a second at work, and a third in society. And each of these identities is authentic. This makes it difficult to unambiguously define "male" and "female" and suggests certain ideological conclusions: if the gender division of labor and the norms of male and female behavior are not universal, but historically changeable, then they can and should be treated critically, that is, they should be "deconstructed". This also applies to the content of the categories of masculinity and femininity.

Since the 90s of the XX century, the term "gender" has appeared in domestic scientific publications; gender issues have become available to a wide range of readers. A.V. Kirilina conducted an analysis of the works, as a result of which several areas of gender research in the field of linguistics were identified.

Firstly, sociolinguistic and psycholinguistic teachings, in which the features of written and oral texts generated by men and women were studied. This direction has found a wide response not only among linguists, but also in forensic examination. An interesting fact is that male and female speeches have their own identification features. Scientists also actively worked with the signs of the text reflecting falsification.

Secondly, the study of the names of female and male persons, the category of gender and related problems of reference.

The above directions became the methodological basis of gender studies that emerged in the late 90s. To date, gender linguistics deals with the problems of gender research. It includes the study of such areas as socio- and psycholinguistic, linguoculturological and communicative-discursive.

Goroshko E.I. within the framework of the socio- and psycholinguistic direction conducted a number of experiments in which the analysis of texts, a free associative experiment was carried out [5]. Goroshko E.I. showed the influence on speech behavior not only of gender, but also of age, level of education and the nature of social activity of the subjects. Experiments have shown that the smallest differences are found in persons with higher education engaged in intellectual activity [6].

The sex of the speaker is one of the most important parameters in the study of phonetic aspects of speech: experimental studies are devoted to differences in the pronunciation of men and women.

It is impossible not to mention the studies of foreign scientists who highlight the lexical features of the manifestation of femininity and masculinity. For example, the expression "young man". In this context, "man" implies a male person, while lexically "man" is neutral. The same phenomenon is also carried by the English word person- man, which originally meant both the concept of "person" and the concept of "man".

After the surge of the feminist movement, this word secured only the concept of “man”. Although in modern jargon, the context of “man”, “dude”, etc. can still occur.

Despite the fact that the understanding of gender as a factor in the study of sociolinguistic and pragmatic problems is the most common, “gender is considered not only as a category of sociolinguistics and not so much as such, and it is this view that allows us to avoid essentialism and overcome the biodeterministic approach” [7].

Within the framework of the linguoculturological direction, such concepts as masculinity and femininity were identified. According to some scientists, these concepts have long acquired the form of concepts that differ from a number of factors, such as culture, country, way of life, etc. S.M. Vul in his work “The use of obscene language and the gender of the addressee” speaks about the gender difference in the use of obscene language [8]. There is an order of magnitude more obscene language addressed to a woman than to a man. From the point of view of gender, a greater number of swear words are associated with obscene behavior and sexual accessibility of women. For example, a loving man is a womanizer, but a woman is a slut. In general, the etymology of the word «материться» comes from the expression «по матери», that is, a person raised by his mother is so bad that he can afford to swear. Another vivid example of the use of swear words in relation to men is the word «блядь». In everyday speech, this word means “prostitute”, however, it is often used for maximum expressiveness of the utterance. This word is also used in the context of a man, especially a thief in law who has violated the thieves' law. Thus, the status of a man is pejoratively small and insignificant.

Moreover, during the formation of the gender conceptosphere, an asymmetry of the signs of gender-marked units was revealed: a man is a prototypical social figure for the Russian laugh culture, whereas “a woman often acts as an additional object in relation to a man that does not need additional identification” [9].

Gender as a cultural phenomenon is one of the parameters of human personality reflected in language and serving as a means of constructing identity. From the point of view of this approach, studies of the communicative-discursive direction are very promising, including the study of the linguistic construction of gender in the communicative interaction of individuals in various types of discourse, the speech behavior of men and women from the standpoint of theories of social identity and communicative adaptation.

Currently, gender studies in the field of political discourse are of particular relevance. By paying attention to the election campaign of modern politicians, it is possible to clearly trace the gender division, as well as ways to influence each of the categories. The methods of constructing “male” and “female” voices, the use of gender stereotypes and other tools for manipulation are based on psycholinguistic skills of influencing people.

Paradoxically, this direction has resulted in an entire branch of research called NLP (neuro-linguistic programming). It was focused primarily on those who wanted to develop certain communication skills to achieve their goals. For example, representatives of the network business actively introduce into their work the skills and techniques of speech influence on the cognitive perception of a partner in order to promote goods or services. At the end of the twentieth century, a huge amount of literature appeared describing in detail the gradual formation of communicative skills in human influence, manipulation and programming.

A huge amount of literature on NLP and public speech stirred up the Internet in early 2000. A lot of publications with a gender orientation for readers and their gender needs have appeared on the web. For example, the acclaimed bestselling book “Women from Venus, Men from Mars” is aimed at young women studying the art of seduction, manipulation and control. From a linguistic point of view, the analysis shows that the author, despite the external solidarity with the female sex, gently leads them to submission and respect for the male sex, allowing them to guide them, provide for them and protect them.

Modern researchers, linguists and psychologists say that there are processes of constructing gender identity in society, which can be traced on the materials of any texts, in particular on artistic ones.

Representatives of the Moscow School of Gender Studies claim that gender is a “floating” parameter, that is, a factor that manifests itself with unequal intensity, up to its complete disappearance in a number of communicative situations.

Consequently, “a communicative situation can have a profound impact on discourse, which confirms the interactive nature of identity construction” [2].

In 1990, Sandra Boehm formulated the theory of gender lenses, according to which lenses are embedded in cultural discourse. Traditional or cultural beliefs about men and women are as follows: the psychological and biological nature of men and women is different; men are the dominant sex; the differences between a man and a woman are innate, and therefore natural. Through these lenses of gender, we perceive the world

around us, they refract our consciousness, representation, view of others and ourselves, as a result of which we do not see reality, but what the binary model gives us. It turns out that the division into femininity and masculinity is artificial.

Conclusion

The gender approach in linguistics represents a further development of anthropo-oriented language learning and allows us to consider the human factor in language in more detail, as a result of which an increment of knowledge can be obtained both linguistic and interdisciplinary.

Language is the most important creative resource and without changing the language, it is impossible to change gender perceptions, so when we talk about the appearance of new words, it is always a new look, no matter what. When this view or this word acquires a certain kind of meanings, it expands the consciousness not only of a particular person, but also of the entire society.

Language does not just fix gender identity, characteristics or qualities related to gender, it constructs and creates them.

The so-called gender differences are the result of our ideas about them. They are sewn into gender lenses, and do not reflect their actual existence at all. We think of these differences because it seems to us that they should be. Even when they are not there, we look for them and find them. And we rely on them as if they really exist.

At the individual level, gender identity is a unique portrait of a person. In this perspective, it has three components: morphological identity associated with consciousness and acceptance or rejection of one's gender identity, or anatomical sexual identity; gender role behavior, or polotypic "masculine" and "feminine" behavior, which in each culture may have its own characteristics; sexual orientation, preference for a sexual partner or choice of a sexual object. These three components are formed sequentially and contribute to the formation of gender identity.

The analysis of scientific works of recent years indicates an increase in interest in gender studies and their intensive institutionalization and allows us to state the study of some fragments of the language system, while the study of speech communication is still at an initial stage. The question of masculinity and femininity also plays a significant role in the study of gender identity, which contains not only the problem of gender as such, but also the whole mental acceptance of oneself as a person.

References

- 1 Кирилина А.В. Возможности гендерного подхода в антропоориентированном изучении языка и коммуникации / А.В. Кирилина // Кавказоведение. — 2002. — № 2. — С. 134–141.
- 2 Исаев Д. Современные представления о гендерной идентичности / Д. Исаев // Сайт MakeOut. Журнал о гендере и сексуальности. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://makeout.space/2020/11/30/sovremennye-predstavleniya-o-gendernoj-identichnosti.html>.
- 3 Кон И.С. Мужчина в меняющемся мире / И.С. Кон. — М., 2009. — 395 с.
- 4 Кирилина А.В. Гендер: Лингвистические аспекты / А.В. Кирилина. — М., 1999. — 189 с.
- 5 Горошко Е.И. Особенности мужского и женского речевого поведения (Психолингвистический анализ): дис. ... канд. филол. наук: ВАК РФ 10.02.19 / Елена Игоревна Горошко. — М., 1996. — 176 с.
- 6 Кирилина А.В. Гендерные исследования в лингвистике и теории коммуникации: учеб. пос. для студ. вузов / А.В. Кирилина. — М., 2004. — 252 с.
- 7 Горошко Е.И. Особенности мужского и женского стиля письма // Гендерный фактор в языке и коммуникации: сб. науч. тр. / Е.И. Горошко. — М., 1999. — С. 44–60.
- 8 Вул С.М. Использование нецензурной лексики и половая принадлежность адресанта (по материалам исследования текстов анонимных писем) // Тез. IX Всесоюз. симпоз. по психолингвистике и теории коммуникации «Языковое сознание» / С.М. Вул. — М., 1988. — С.34–36.
- 9 Слышкин Г.Г. Гендерная концептосфера современного русского анекдота // Гендер как интрига познания: Гендерные исследования в лингвистике, литературоведении и теории коммуникации: альманах. — Пилот. вып. / Г.Г. Слышкин. — М., 2002. — С. 66–73.
- 10 Исина Г.И. Стереотипы и национальная языковая картина мира: моногр. / Г.И. Исина. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2007. — 368 с.

Г. Исина, А. Бейсембаева

Әр түрлі лингвомәдениеттердегі гендерлік және гендерлік сәйкестілік мәселесіне

Мақалада гендерлік және гендерлік сәйкестілік мәселелері қарастырылған. Гендерлік сәйкестікті қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілері, атап айтқанда әлеуметтік лингвистикалық, лингвомәдениеттану, коммуникативті-дискурсивті және психолингвистикалық бағыттар бойынша зерттелген. Маскуллиндік және феминистік қасиеттер мәселесінің адам мен тілдік тұрғыдан егжей-тегжейлі зерттеу қажеттілігі анықталған. Сонымен қатар мақалада әр түрлі лингвомәдениеттану саласынан мысалдар келтірілген, олар адамның жыныс «қатыстылығын» ескере отырып, оның танымдық қабылдауындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтарды коммуникативті түрде көрсетеді. Гендерлік және гендерлік сәйкестілік мәселесі ежелгі дәуірден бастау алады және халық ауыз әдебиетінде, негізінен мақал-мәтелдерде айқын көрініс табады. Осы сипаттағы гендерлік сәйкестік адамның бейнесі, мәдениет, тіл және қоғам туралы стереотиптік ойлары ретінде алға шығады. Авторлар жүргізген талдауларға сүйене отырып, тіл тек гендерлік сәйкестікті, сипаттамаларды немесе гендерге байланысты жеке қасиеттерді түзіп қана қоймайды, оларды жасап береді деп көрсетеді.

Кілт сөздер: гендер, гендерлік сәйкестік, маскуллиндік, феминистік, дискурс, тіл, мәдениет, жыныс.

Г. Исина, А. Бейсембаева

К вопросу о гендере и гендерной идентичности в различных лингвокультурах

В статье рассмотрены проблемы гендера и гендерной идентичности. Изучены теоретические и практические аспекты формирования гендерной идентичности, в частности, такие направления, как социолингвистическое, лингвокультурологическое, коммуникативно-дискурсивное и психолингвистическое. Выявлена и обоснована необходимость детального изучения проблем маскулинности и фемининности с позиции человека и языка. Авторами приведены примеры из различных лингвокультур, которые коммуникативно наглядно демонстрируют отличия и сходства в когнитивном восприятии человека с учетом его половой принадлежности. Выявлено, что проблема гендера и гендерной идентичности берет свое начало издревле, ярко отразившись в устном народном творчестве, в частности, в пословицах и поговорках. Гендерная идентичность в таком ракурсе выступает портретом самого человека, его стереотипных представлений о своем поле с учетом культуры, языка и общества. На основе проведенного анализа авторами показано, что язык не просто фиксирует гендерную идентичность, характеристики или качества личности, связанные с гендером, но и конструирует и создает их.

Ключевые слова: гендер, гендерная идентичность, маскулинность, фемининность, дискурс, язык, культура, пол.

References

- 1 Kirilina, A.V. (2002). Vozmozhnosti gendernogo podkhoda v antropoorientirovannom izuchenii yazyka i kommunikatsii [The possibilities of a gender approach in anthropo-oriented language learning and communication]. *Kavkazovedenie*, 2, 134–141 [in Russian].
- 2 Isaev, D (2020). Sovremennye predstavleniia o gendernoi identichnosti [Modern ideas about gender identity]. *Sait MakeOut. Zhurnal o genere i seksualnosti - MakeOut site. Journal about gender and sexuality*. Retrieved from <https://makeout.space/2020/11/30/sovremennye-predstavleniya-o-gendernoj-identichnosti.html> [in Russian].
- 3 Kon, I.S. (2009). Muzhchina v meniaiushchemsia mire [A man in a changing world]. Moscow [in Russian].
- 4 Kirilina, A.B. (1999). Gender: Lingvisticheskie aspekty [Gender: Linguistic aspects]. Moscow [in Russian].
- 5 Goroshko, E.I. (1996). Osobennosti muzhskogo i zhenskogo rechevogo povedeniia (Psikholingvisticheskii analiz) [Features of male and female speech behavior (Psycholinguistic analysis)]. *Candidate's thesis*. Moscow [in Russian].
- 6 Kirilina, A.B. (2004). Gendernye issledovaniia v lingvistike i teorii kommunikatsii: uchebnoe posobie dlia studentov vuzov [Gender studies in Linguistics and Communication Theory: A textbook for university students]. Moscow [in Russian].
- 7 Goroshko, E.I. (1999). Osobennosti muzhskogo i zhenskogo stil'a pisma [Features of male and female writing style]. *Gendernyi faktor v yazyke i kommunikatsii: sbornik nauchnykh trudov - Gender in language and communication: collection of scientific papers*. Moscow, 44–60 [in Russian].
- 8 Vul, S.M. (1988). Ispolzovanie netsenzurnoi leksiki i polovaia prinalozhnost adresanta (po materialam issledovaniia tekstov anonimnykh pisem) [The use of obscene language and the gender of the addressee (based on the materials of the study of the texts of

anonymous letters)]. *Tezisy IX Vsesoiuznogo simpoziuma po psikholingvistike i teorii kommunikatzii "Yazykovoe soznanie"* - *Theses of the IX All-Union symposium. On psycholinguistics and communication theory "Language consciousness"*. Moscow, 34–36 [in Russian].

9 Slyshkin, G.G. (2002). Gendernaia kontseptosfera sovremennogo russkogo anekdota [Gender conceptosphere of the modern Russian anecdote]. *Gender kak intriga poznaniia: Gendernye issledovaniia v lingvistike, literaturovedenii i teorii kommunikatsii: Almanakh. Pilotnyi vypusk - Gender as an intrigue of cognition: Gender Studies. in Linguistics, Literary Studies and Communication Theory: An Almanac. Pilot release*. Moscow, 66–73 [in Russian].

10 Issina, G.I. (2007). Stereotipy i natsionalnaia yazykovaia kartina mira [Stereotypes and national language picture]. Karaganda: Izdatelstvo Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].

А.Ш. Каппасова*, А.С.Адилова

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(e-mail: ai_kerim.k@mail.ru, adilova2010@mail.ru)

Прецедентті феномендер газет тақырып аттары ретінде

Мақалада газет мәтіндеріндегі прецедентті құбылыстар мәселесі қарастырылған. Лингвомәдениеттану саласы тіл мен мәдениеттің арақатынасын, тіл арқылы ұлттың мәдениетін зерттейтін жаңа сала. Бұл сала лингвистика мен мәдениеттанудың басты мәселелерінің байланысының негізінде пайда болған. Негізгі нысаны, негізгі бірлігі — прецедентті феномендер. Әр халықтың жадындағы басты құндылықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп беретін құралдың бірі де — осы прецеденттік феномендер. Бұл құбылыс арқылы әр ұлттың, әр халықтың ерекшелігі көрінеді. Ғылыми мақалада мәтін тақырып аты ретінде прецедентті феномендерді құрайтын мақал-мәтел, афоризм, сентенция, ақын-жазушылар шығармаларынан алынған прецедентті мәтіндер, ән мәтіндеріне талдау жасалған. Бұқаралық ақпарат құралдарындағы мақалаларды зерттеу барысында салыстыру, талдау, жинақтау әдістері қолданылды. Нәтижесінде газет тіліндегі прецедентті құбылыстарды құрайтын прецедентті мәтіндер, прецедентті айтылым түрлеріне мысалдар жинастырылып, теориямен дәлелденді.

Кілт сөздер: прецедентті феномен, прецедентті мәтін, прецедентті айтылым, баспасөз, афоризм, сентенция, газет тіл, тіл білімі.

Kіріспе

Тіл біліміне орыс ғалымы Ю. Караулов енгізген бұл құбылысты ғалым В.В. Красных дискурстың ұлттық құрамдас бөлігі ретіне саналатын ментефактілерден бастап зерттейді де, прецедентті феномендерді қоғамның кез келген орташа өкіліне түсінікті әлеуметтік-прецеденттік феномен; ұлттық лингвомәдени топқа немесе ұлттың кез келген орташа өкіліне түсінікті ұлттық-прецеденттік феномен; барлық адамға түсінікті әмбебап-прецеденттік феномендер деп бөледі. Уақыт өте келе бұл санаттар бірінен екіншісіне ауысып, орын алмастыруы мүмкін екендігін айтады. Ғалым прецедентті феномендерді вербалды және вербалданатын деп тағы жіктейді. Прецедентті есім мен прецедентті айтылымды вербалды феноменге, ал прецедентті мәтін мен прецедентті жағдайды вербалданатын феноменге жатқызады [1].

Прецедентті феномендерді ғалымдар (А.Д. Васильев, Д.Б. Гудков, И.В. Захаренко, В.В. Красных, Д.В. Багаева) 4 топқа бөліп жіктейді. Олар:

- прецедентті мәтіндер.
- прецедентті атаулар.
- прецедентті айтылымдар.
- прецедентті жағдайлар [2].

Прецедентті феномендер қаншалықты әр алуан болса, ұлтымыздың, ұлттық тіліміздің де ерекшелігі соншалықты көрінеді. Біздің мәдени-рухани құндылығымыздың көрінісі, әрине, фольклорымызда. Ондағы мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, эпостық жырлар, шешендік сөздер, жұмбақтар, ертегілер, аңыздар, мифтер ұлттың нағыз дүниетанымын, салт-дәстүрін, тәрбиесін жеткізетін құнды дүниелер.

Зерттеу деректері мен әдістері

Зерттеу мақаласының әдіснамалық негізі орыс және қазақ лингвист ғалымдарының мәтін мәселесі, соның ішінде интертекстуалдылық теориясы, мәтінаралық байланыс, прецеденттілік феномендер жайлы жазған еңбектері болды. Негізгі әдіс ретінде талдау, жинақтау, салыстыру әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды. Прецедентті феномендер арқылы ұлттық-мәдени ерекшеліктерді көрсету үшін, бұл құбылыстардың семантикалық мазмұнын ашу үшін сипаттамалық әдіс қолданылды. Мақалада Қазақстан Республикасында шығатын бұқаралық ақпарат құралдары мен Интернет желілеріндегі материалдар пайдаланылды.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: ai_kerim.k@mail.ru

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Ауыз әдебиеті үлгісінің негізгі жанры мақал-мәтелдерді ғалымдар прецедентті құбылыстардың прецедентті айтылым түріне жатқызады. Бүгінгі таңда сөз мәйегі болған мақал-мәтелдер баспасөз беттерінде мәтін тақырыптары ретінде жиі ұшырасады, себебі мақал-мәтел тоқсан ауыз сөздің түйінін береді. Сондай-ақ журналист үшін тақырыптың қысқа бола тұра үлкен мәліметті бере білуі де өте маңызды. Мысалы, «Жас Алаш» газетіне «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» (14.09.2021) деген атаумен Қ. Зарыққанқызының мақаласы шықты [3]. Мазмұны: үкіметтен бөлінетін ең төменгі жалақының көлемі мен халыққа берілетін әлеуметтік төлемдер өте аз, ол ешкімді жарылқайтын қаражат емес. Еліміздің күнкөрісі Италия, Грекия, Ирландия елінен әлдеқайда төмен. Мемлекет бюджетінен әртүрлі жобаларға қыруар ақша бөлінгенімен, оның жемісін тек жоғарыдағылар көріп отыр. Ал қарапайым халықты қолдау үшін әлеуметтік төлемдерге аз ғана қаражат бөлінеді... Өзекті мәселені көтерген журналист мақаласын «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» деген осы да. Сонда халыққа қайтпек керек? Мұнымен ел еңсесін қалай тіктейді, қалай өсеміз, қайтіп дамимыз?!» [3] деп түйіндейді.

«Егемен Қазақстан» газетінде Қайнар Олжайдың жер жүзін улап жатқан пластик туралы мақаласы жарық көрді. Бірнеше бөлімдерден тұратын мақалада прецедентті айтылымның бірінші сыңары лексикалық трансформацияға түсіріліп, автордың өзі баяндап отырған мәселелерге әрқилы көзқарасын көрсетеді: 1. «Аспаннан киіз жауған күн». 2. «Аспаннан шұға жауған күн». 3. «Аспаннан кәмпит жауған күн». 4. «Аспаннан пакет жауған күн».

Алғашқы бөлім эпиграфы ретінде осы мақалдың шығу төркініне тоқталып кетеді. «Қазақ: «Аспаннан киіз жауса да, құлға ұлтарак бұйырмайды» дейді. Алғаш естіген бала кезімізде «аспаннан қалай киіз жауады?» деп таңырқағанбыз. Ес білген соң ойласақ, әлеуметтік сатыны сипаттауға мал өсірген көшпелі тірліктің мол шикізаты: киіз бен одан жасалатын заты: ұлтаракты қалай тапқыр пайдаланған. Құлдың ештеңеге хақылы еместігін дәлелдеу үшін қар жауатын аспаннан киіз жауғызған, қайран бабалар!» [3]. Әрі қарай Швециядағы қоңыр қағаздан жасалған орама (пакет) туралы айта кетеді. Пластик, целлофан, полиэтилен пакеттерден бас тартқан шведтердің ісіне сүйсініп, «Экологиялық санасы оянып, саңылауы ашылған елдер үшін аспаннан киіз жауып жатқанда бізге әлі ұлтарак бұйыратын емес-ау деп ойлағанбыз сол Стокгольм дүкенінде» деп ой топшылайды.

2-ші бөлімде жер жүзін лас қылған пластиктің зиянын, тез арада оны жойып, алмастыратын экопакеттерді пайдалану қажет екенін, БҰҰ Табиғатты сақтау жөніндегі комитеттің осы пластик қалдығынан қаншама құс, аң, судағы тіршілік иелерінің қырылуы жөніндегі мәліметін келтіреді. Және «табиғат қорытып үлгергенше, Шахановша айтқанда, 500 жыл күтуге тура келеді:

Ел тағылымын аяқ асты төсенбе,

Той аз болмас әлі сенің көшенде.

Бес жүз жыл күт, содан кейін рұксат

Он бес қызды қабат алам десен де» [3] деген мысалды қолданады.

«Аспаннан кәмпит жауған күн» деген 3-бөлімде пластик құтыдағы «кока-кола», «спрайт», «пепси-кола» сынды танымал сусындар туралы, Алматы қаласындағы пакет шығаратын қытайлық ірі өндірістің жұмысы жайлы және ауаның, топырақтың ластануы жөнінде айтылады.

Соңғы бөлімде Ш. Мұртазаның 80 жылдығында болған оқиғаны баяндайды. Ұлыбритания, Қытай, Ресей, Швеция, тіпті Өзбекстан елдерінде зиянды пластикті өңдеп шығаратын зауыттардың бар екенін алға тартып, біздің аспанымызда пакет ұшып жүрсе де, еліміздің экологиялық кеселмен күреспейтінін ашып айтады. Журналист қазақтың «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» деген мақалының алғашқы сыңарын трансформацияға түсіре отырып, маңызды мәселені көтерген.

Байқағанымыздай, мақалада автордың сыни көзқарасы айқын көрінеді. Тіпті мақаланың әр бөліміне тақырыпты келеке, ажуалап қойған. Журналист «Жалпы, біздің Парламент полиэтилен пакеттерге тыйым сала алар еді. Үкімет Жәркентте, Қызылқұмда қайта жүгері өсіртіп, шырышынан Норвегиядағы сияқты биологиялық пакет жасата алар еді. Әкімдер ырыққа көнбей жер-көкке қаптап өсетін кендірден қорап пен себет шығарта алар еді. Ал пластик ыдыспен сусын шығаратындар қанша өнім өндірсе, соншама құтыны кері қабылдауын заңмен неге реттемеске?» деп өз ойын ашық айтып келеді де, тағы мысқылдап «Сонда болашақтағы Шерхан Мұртазаның тойында болашақтағы Әбіш Кекілбай сөйлегенде жасанды пакет емес, шынайы гүл жауып жатпас па!» деп қорытынды жасайды.

Газет бетінде тақырып болған тағы бір мақал — «Қой көрмеген қуалап өлтіреді». Қ. Зарыққанқызының бұл мақаласы — мал санын шектеу туралы реформаға қарсы айтқан уәжі. Өмірі төрт түлік малмен біте қайнасқан қазақ үшін бұл ақылға сыймайтын жаңалық болды. Халқымыз бір нәрсеге көңілі толмаса, «Қой көрмеген қой көрсе — қуалап өлтіреді, ұл көрмеген ұл көрсе — дуалап өлтіреді» дейді. Журналист мақаласын төмендегідей аяқтайды: «мұны ұқса, ауыл шаруашылығы министрлігі келешекте қазақтың мал басын емес, ретсіз реформаларының санын шектер деп үміттенеміз» [4]. Осы мақалды <https://kazgazeta.kz> сайтында Б. Сманов «Ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаудан неге қашамыз?» (12.01.2016) деген тақырыппен шыққан мақаласында пайдаланады. 2010 жылдан бастап ғылым кандидаттары мен докторларын даярлайтын кеңесті асыға жауып, Болон үдерісіне тез көшіп кеткенімізді сынай отырып, мыңдаған ғылыми ізденушілердің еңбектерінің зая кеткенін, олар үшін мемлекеттен бөлінген қаражаттың желге ұшқанын алға тартып: «Біздің бұл тірлігіміз, басқаны қайдам, мен үшін, дәп бір «Қой көрмеген көргенсіз қуалап жүріп өлтіреді, ұл көрмеген көргенсіз дуалап жүріп өлтіреді» дегеннің керін келтірген секілді» [5] деген ойланарлық ой айтады. Сол сияқты интернет желілерінде М. Жолдасбеков атамиздың әнші Д. Құдайбергеновке берген батасы жүр. Үзінді келтірсек, «...танымалдылығыңды көтере біл, «Қой көрмеген көргенсіз қуалап жүріп өлтіреді» дегендей, сен көтеріп кетуің керек, өйткені, халық сенен үлкен үміт күтіп отыр. Алдыңда талай жарыс бар» [6]. Мұнда келтірілген мақал семантикасын қарсы бағытта интерпретация жасау арқылы қолданып тұр, яғни жұлдыз болсаң да танымалдылығыңды көтере біл, үлгі бол, ел үмітін ақта деген ойын жеткізу мақсатында мақалды пайдаланады. Барлық келтірілген үзінділерде мақал ойды дәл беріп, нақты түйін жасауда шебер келтірілген. Әр автор түрліше қолданған бұл мақалдың негізгі нұсқасы — «Қой көрмеген қой көрсе — қуалап өлтіреді, ұл көрмеген ұл көрсе — дуалап өлтіреді».

Дана қазақ халқының бай тілінде алуан түрлі тақырыпқа мақал-мәтелдер бар. Соның бірі үнемшілдікке шақыратын төмендегі мақал:

Тарта жесең, тай қалар,
Қоя жесең, қой қалар,
Қоймай жесең не қалар?!

Осы мақалды журналистер де өз жазбаларында алға тартып, ұтымды қолдана біледі. «Жас Алаш» газетінде Қ. Зарыққанқызының **«Қазынада дефицит: Үкімет «тарта жесе, тай қалатынын» қашан ұғады?»** (23.09.21) атты мақаласы жарық көрді [7]. Онда ел бюджетінің тапшылығын, оны Ұлттық қордан қаражат алу арқылы толтыру туралы мәселе сөз болады да, бұл шешімнің дұрыс емес екенін айтып, журналист сөзін осы мақалмен қорытындылайды. Сол сияқты <https://www.azattyq.org/> сайтында Ө. Әбдіхалықұлы **«Тарта жесе, тай қалатынын...»** шенеуніктер біле ме екен?» (9.01.2009) деген мақаласында мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қысқарту туралы мәселе айтылады [8]. Мұнда да тақырып — «Тарта жесең, тай қалады, Қоймай жесең не қалар?!» мақалы.

Жуырда «Жас Алаш» газетінде Қ. Әбілдақызының Президентіміздің халыққа жолдауы жөнінде **«Жолдау түбі алдау болып бара ма?»** (06.09.2022) деген ой саларлық мақаласы жарияланды [9]. Тақырыбы бірден қазақтың бірнеше мақалын еске түсіреді. Олар: «Еңбек түбі — береке, Көптің түбі — мереке, Бейнет түбі — зейнет, Жеңіс түбі — ерлік, Рахат түбі — кейіс, Бейнет түбі — кеңіс, Оқу түбі — тоқу, Тірлік түбі — бірлік, Сабыр түбі — сары алтын». Журналист те мәтін тақырыбын осы мақалдарды еске түсіре отырып ойластырған сияқты.

Дос Көшімнің дәл осы тақырыпқа ұқсас **«Әр дәуірдің заңы басқа»** (30.08.2022) атты сыни мақаласында ҚР Конституциясының бүгінгі жағдайы мен өткені туралы сөз болады [10]. Ата Заңымыздың кей баптарына шолу жасап, оны Кеңес Одағының Конституциясымен салыстыра отырып, қатал заңдар енгізу керек деген ой түйеді. 1936, 1977 жылғы Кеңес үкіметі кезеңіндегі заңдарды қарастырған саясаткер **«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа»** мақалын өзінше ауыстырып, «Әр дәуірдің заңы басқа» деп қолданған.

Қазақ халқы үшін қасиетті ұғымдардың бірі — бөрі. Киелі жыртықш жайлы ақын-жазушылардың әдеби туындылары, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, аңыз-әңгімелер өте көп таралған. Мысалы, заңғар жазушы М. Әуезовтің «Көксерек», рухты ақын С. Ақсұңқарұлының «Қасқырдың монологы» шығармалары және «Қасқырдың терісін сыпырсаң да, тектілігін сыпыра алмайсың», «Иттің иесі болғанымен, бөрінің Тәңірісі бар» сынды нақыл сөздер осының дәлелі. Ал газет беттерінде қасқыр кейпін көрсететін мақалдарды пайдаланған журналистердің мақалаларын жиі кездестіруге болады. Қ. Әбілдақызының **«Қой терісін жамылған тендерлер»** (19.11.2021) мақаласында қасқыр сөзі тендер сөзімен алмастырылған [11]. Мемлекет басшысының еліміздің бюджеттегі қаражатын үнем-

деу мақсатында форум, конференцияларды өткізуге мораторий енгізу туралы ұсынысының іске аспай жатқаны жайындағы мақалада «Күлтөбенің басында күнде жиын», «қолда барда қонышынан басып қалу» сияқты сөйлемдер де ұшырасады. Бұдан өзге көпшілік назарына іліккен оқиға — Астанадағы жаңа мешіттің ашылуына Елбасы Н. Назарбаевтың қатысқаны жөніндегі *«Қой терісін жамылған қасқырлар билікке ұмтылуы мүмкін»* (<https://arasha.kz/>. 16.08.2022) [12] атты мақаласы, террорлық топ, олардың құйыртқы әрекеттерін әшкерелейтін <https://ser-per.kz/> сайтына шыққан *«Қой терісін жамылған қасқырлар»* (23.11.2021) мақаласы [13], <https://astanatv.kz/> сайтында жарияланған, бүгінгі таңдағы шенді полицейлердің бейнесін сөз ететін *«Қой терісін жамылған... Полицей келбеті...»* (02.09.2017) мақалалары [14] да жоғарыдағы мақалдың мағынасына сәйкес әрекеттерді сипаттайды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында прецедентті құбылыс ретінде ең көп қолданылатыны мақал-мәтелдер, себебі олар — халық даналығының көрінісі. Бұрындары мәтіндегі мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, цитаталардың қолданылуы сөйлеуді әрлеу, безендіру, бояу беру мақсатында жұмсалған болса, қазіргі күні бұлар әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде түсіндіріліп, мәтінаралық байланысты жүзеге асыратын прецедентті мәтін болып танылып отыр. Сондықтан да журналистер оқырманға түсінуге жеңіл болатын, тез қабылдайтын мақалдарды ұтымды пайдалануға тырысады.

Баспасөз беттерінде прецедентті мәтін ретінде мақал-мәтелдерден бөлек афоризм мен сентенциялар да көп кездеседі. Алдымен екі ұғымның айырмашылығы мен ұқсастығын ажыратып алсақ: афоризм — қысқа ғана сөзбен тиянақты ойды білдіретін, арнайы ойлану, екшеу, жалпылау нәтижесінде пайда болатын бейнелі сөз. Ал қазақ тілі терминдер сөздігінде кездеспейтін сентенция дегеніміз «афоризмнің бір түрі, авторы анық көрсетілмеген афоризм, яғни белгілі бір контекстен үзіп алуға келетін, ықшамдығымен, әсерлілігімен әрі интеллектуалдық, әрі эстетикалық талапқа сай келетін, көбіне философиялық, дидактикалық поэзияның жемісі, көптің көңіліне ұялағандай қысқа құрылған нақыл сөз» [15; 39]. Сентенция көбінесе көркем әдебиетте кездесетін, мазмұны контексте ашылатын шағын сөйлем. Мысалы, журналист Қ. Көрпебаевтың *«Адамды заман билейді, замана оны илейді»* (28.06.2022) деген тақырыпта «Жас Алаш» газетіне шыққан мақаласы бар [16]. Тақырыптағы прецедентті мәтін хакім Абайдың *«Адамды заман билейді, заманға жаман күйлейді. Замана оны илейді»* деген сентенциясы.

«Өркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Замана оны илемек» [17; 211].

Мағынасы өте терең «Тоты құс түсті көбелек» деген өлеңінде қарастырылған басты мәселе — адамгершілік ілімі.

Мақалада автор еліміздің ертедегі жағдайы мен қазіргі күнін салыстыра кетеді, жастарды Жаңа Қазақстанды бірге құруға шақырады. Ел жанашыры болуға, білім алуға, еңбек етуге үндейді. Мақалада прецедентті мәтіндер көп. Өр ғұламаның афоризмдері журналист ойын аша түседі. Мақала XIX ғасырда өмір сүрген орыс генералы Броневскийдің «Соты жоқ, прокуроры жоқ, қонақ үйі жоқ, қарттар үйі жоқ, түрмесі жоқ, әскері жоқ, жетімдер үйі жоқ, көшеде қол жайған қайыршысы жоқ, жетім-жесірін жылатпаған дана халықпен танысқаныма қуаныштымын. Олар салт-дәстүрін тілін, дінін, ділін, мәдениетін баз қалпында сақтаған, бір таңға өлең айтатын, екінің бірі суырып салма ақын, сауыққой, өнерпаз, рухы биік халық. Ру басшылары мен билері көзі ашық, көкіректері ояу, сөзге шешен, көреген, елді соңынан ерте алатын, рухани бай адамдар» [16] деген сөздерінен басталады. Бұл кісінің мінездемесінен соң Италия ойшылы Николай Макиавелиидің «Ұзақ уақыт құлдықта болған халықтың еліне деген сүйіспеншіліктен, патриоттық сезімнен айырылып, жалтақ, көңгіш, жағымпаз болады. Мұндай ел кездейсоқ жағдайда тәуелсіздікке қол жеткізсе, ол еркіндікті пайдалана алмайды» деген ойын алға тартады. Журналистің өзі ұлты үшін мақтанып, енді бірде күйінгенін көреміз. Одан соң адамның жаман мінезін айтып, Мұхаммед Пайғамбарымыздың сөздерінен үзінді келтіреді: «Алланың ең жек көретін адамдары кімдер», — дегенде, ол: «өркөкірек, менмен, мақтаншақ, дүниеқұмар, мансапқор адам». Ары қарай бас ақынымыз Абайдың «Қайда барып оңайын? Қайтіп надан болайын? халқым надан болғасын... Енді күш салыстырып емес, білімді, ертеңін ойлаған ел озады», Бауыржан Момышұлы атамyzдың «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды», Майқы бидің «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Бірлік бар жерде тірлік бар», данышпан әл-Фарабидің «Бір жылдығын ойлаған ел бидай егеді, онжылдығын ойлаған ел жеміс ағашын егеді, мың жылдығын ойлаған ел ұрпақтың жүрегіне ізгіліктің дәнін егеді, яғни рухани тәрбие береді», ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Ойлайтындар мен емес күнгісін, жұрт ұқпаса-

ұқпасын жабықпаймын. Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін» деген қанатты сөздерін әр пікірінде ұтымды қолдана отырып, мақаласын ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, мен жастарға сенемін!» деген рухты өлеңімен аяқтайды. Еліміздің болашағы жастар екенін, тәуелсіз, тұғыры биік мемлекетті дәл сол жастар құратынын, соларға сенім арту керек екенін журналист өте әдемі жеткізе білген.

Абайтанушы, шәкәрімтанушы Омар Жәлелдің де Абайдың осы өлеңін талдаған «Заман» (14.05.2019) деген атпен мақаласы газет бетіне шықты [18]. «Адам заманды билей ме, заман адамды билей ме? Бұл сұраққа жауап беретін кез келді» дейді де, Шортанбай, Дулаттардың зар заманы жайлы, Абайдың өмір сүрген заманы туралы айтып кетеді.

Бәйіт еттім бұл сөзді
Қайғы шегіп заманнан.
Заман азып не қылсын:
Ай орнынан туады,
Күн орнынан шығады,
Бұның бәрі адамнан [18], –

деген Мұрат Мөңкеұлының өлеңімен сұрақтың жауабын тауып береді. Мақала соңын «Не дейміз, толғағы жеңіл болсын, қазақ социуымын өгіздей өрге сүйрейтін Жақсылар заманы тезірек келсін деп тілейік, ағайын!» [18], – деген сөздермен түйіндейді.

Газет бетіне шыққан тағы бір мәтін тақырыбы — **«Легионер. «Өзіңнен тумай ұл болмас»** (31.08.2022. Н. Садуақастегі. «Жас Алаш») [19].

Ежелгі дұшпан ел болмас,
Етекте кессең, жең болмас.
Қараша торғай қаз болмас,
Шағала келмей, жаз болмас.
Шаңқан болмай, боз болмас.
Өзіңнен тумай ұл болмас,
Сатып алмай құл болмас... [20; 85]

— деген Бұқар жыраудың толғауын тақырыпқа арқау еткен бұл мақала жүрегі елім деп езілмеген легионерлер жайлы.

Әлем бойынша ең танымал спорт түрі футболдың еліміздегі ахуалы сөз болған бұл мақалада журналист қыруар ақша бөліп легионерлерді шақыра бергеннен гөрі шетелдің білікті бапкерін елімізге тартқанды жөн көреді. ҚР Мәдениет және ҚР Спорт министрліктері болашақта дұрыс шешім қабылдайды деп сенеді де, мақаланы Абайдың «Егер ісім өнсін десең — ретін тап» деген афоризмімен қорытындылайды.

Айнара АШАН деген журналистің **«Өтпелі кезеңнің өтелі кімде?»** (21.10.2016) деген тақырыппен саясаттанушы мамандармен сұхбаты шықты [21]. Тақырып қытай халқының «Құдай өтпелі кезеңде өмір сүруден сақтасын» деген сөзіне қатысты қойылған. Мақалада Қытайдың ұлы реформаторы Дян Сяопиннің **«Мысықтың түсі ақ па, қара ма — ол маңызды емес, жақсы мысық — тышқан аулай білетін мысық»** [21] деген нақыл сөзі мәтінаралық байланысты көрсетеді. Аты айтып тұрғандай, сұхбат еліміздің өткені мен болашағы жайлы өрбиді. Саясаткерлер бірауыздан Жаңа Қазақстан құру үшін халық білімді, адал, еңбекқор болуы тиіс деген пікірді қоштайды.

Жоғарыда газет беттеріндегі мақал-мәтел, нақыл сөздердің барлығы ұлтымыздың болмысын, тіршілігін анық бейнелейтін прецедентті айтылымдар, яғни әр мәтіннің астарында ұлттық болмыстың, ұлттық мәдениеттің, ұлттық жадтың сақталғанын көреміз, өйткені «прецедент» — өткен заманда орын алған, халықтың есінде қалған, халыққа үлгі-өнеге болатын белгілі бір оқиға. Және прецедентті мәтінге жататын барлық мақалдар, афоризм сөздер, аңыз, тарихи әңгімелер соның дәлелі.

Газет беттерінен отандық көркем әдебиет туындыларынан алынған прецедентті мәтіндерді көп кездестіруге болады. Мәселен, М. Мақсаттың «Жас Алаш» газетінде **«Ауыл клубында оқып жүр, талай қазақ баласы»** (08.09.2022) деген тақырыппен мақаласы басылып шықты [22]. Павлодар облысында жауапсыз мердігерлердің және шенеуніктердің кесірінен білім ордасының жөндеу жұмыстары аяқталмай, 1-қыркүйек білім күнінде балалар мектепке емес, ауылдың мәдениет үйіне баруға мәжбүр болған қолайсыз жағдай туралы сөз болған мақаланың тақырыбы Абай Құнанбаевтың **«Интернатта оқып жүр, талай қазақ баласы»** деген өлеңіне сәйкестендіріліп қойылған.

Тура осы «Жас Алаш» газетінің келесі бір санында жарық көрген Ә. Ақылбайдың **«Сан мен санак: Қазақстанды таңдапты, талай шетел туристі»** (19.08.2022) атты мақаласының мазмұны отан-

дық *eQonaq* ақпараттық жүйесі, осы жүйенің туристік ағымға жүргізетін талдауы жайлы [23]. Поэзия жанрында осы Абай өлеңінің контекстіне сүйенген бұл перифраз көп қолданылады. Қаламгер үнемі айтқалы отырған мәселесін кекесін мәнде жеткізу үшін осы өлеңді прецедентті мәтін ретінде келтіріп отырады. «Оқырмандардың ұлттық когнитивті кеңістігінде ерекше орын алатын пародияның бірі — Абайдың «Интернатта оқып жүр» өлеңі» [23]. Және осы арқылы журналист өз дәуірінің шындығын, проблемасын бере біледі.

Мақаласында білім саласын сөз еткен журналист А. Олжайдың «**Даудың басы — мектеп**» (28.07.2022) деген мақаласы бар [24]. Еліміздегі ең өзекті мәселелердің бірі — мектеп тапшылығы. «Ескі Қазақстандағы» білім беру жүйесі, денсаулық сақтау сияқты негізгі салаларда болған олқылықтарды «Жаңа Қазақстанда» жою керек екенін, білімді ұрпақ үшін жаңа мектептерді көптеп салу қажет екенін, бастысы білім сапасын көтеру мәселесін жеткізіп айтқан. Мақала тақырыбы Б. Майлиннің «*Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры*» әңгімесінің атауымен өте үйлесімді қойылған.

«Жас Алаштың» сараптама орталығы «**Жусан иісі. Халықтың ақшасын қолды қылған Jusan bank мемлекетке қашан қайтады?**» (6.09.2022) атты мақаласында [25] Қаңтар оқиғасы кезіндегі «Жусан» банктен кеткен олқылықтарды көрсетіп, банктің қаржылық есебіне шолу жасауға тырысады. Тақырыптың бейнелілігін арттыру үшін жазушы С. Мұратбековтің «*Жусан иісі*» повесінің атын әдейі алған. Бірақ «Жусан банктің» ісі мен «Жусан иісі» шығармасының семантикасы қарама-қарсы сипатта екені мақаланың өзектілігі мен автордың ашық бағалауын көрсетуге қолданылған, яғни «Жусан иісі» деген тақырып ат жағымсыз мән тудырып тұр.

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?

Македония шаһары — оған мекен.

Филипп патша баласы, ер көңілді,

Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен [17; 72].

Абайдың Рим империясын құрған, даңқты қолбасшы, әлемді жаулаушы Александр Македонскийге арнаған бұл «Ескендір» поэмасының алғашқы жолы көп журналистердің цитата ретінде қолданып жүрген үзіндісіне айналған. Мысалы, <https://newsroom.kz/> сайтында «**Осы жұрт Жауғаштыны біле ме екен?..**» (20.04.2022) деген мақала шықты [26]. Онда 1990-жылдары аты дүркіреп тұрған, нағыз ұлтжанды, жастарға үлгі боларлық тұлға, өте білімді, нағыз зиялы жан Жауғашты Нәбиев туралы айтылады. Қазақстан үшін өте қолайлы, өнімді инвестициялық ірі жобаларды дүниеге әкелген, бірақ үкімет тарапынан түсініксіз жағдайлармен қолдау таппаған Жауғаштының еңбегі жайлы толық мәлімет беріледі.

Бұқаралық ақпарат құралдарынан прецедентті феномендерді іздеу барысында әннің мазмұнына негізделген интертекстер де ұшырасатынын байқадық. Әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған ән мәтіндері де прецедентті құбылыстың белгілі бір қабатын құрай алады. Көркем әдебиетте, әсіресе поэзия жанрында көп кездесетін бұл құбылыс баспасөз беттерінде сирек байқалады. Мысал ретінде «Жас Алаш» газетінен Б. Жасұланның «**Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...**» (17.08.2022) атты мақаласын келтіруге болады [27]. Қазіргі кездегі еңбек нарығындағы қиын жағдайды, жалақының төмен пайызын, елді қысқан қымбатшылықты ашына айтқан журналистің мақаласының соңы «*Жайымды айтсам жасырмай, Жағдайым менің осындай*», — деген МузАРТ тобының халыққа танымал бір әні бар еді. Шын мәнінде Қазақстанның нарықтағы қазіргі жағдайы осындай болып тұр...» [27] деп аяқталады. Шынымен де И. Сапарбайдың «Бір тамшы көздің жасындай» әнінің сөздері біздің мүшкіл жайымызды дәл беріп тұрғандай.

Келесі бір мысал — Ж. Байғаниннің «**Атыңнан айналайын, Алматы!..**» (03.02.2022) мақаласы [28]. Мұнда қаланың Алматы деген атауын Алма-ата деп өзгертуді қалайтын белсенділердің шала ісі жайлы жазылады. Тақырыпқа мән берсек, жалпы бұл тіркестің шығу төркіні Мәди Бәпиұлының

«Атыңнан айналайын Қарқаралы,

Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.

Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қуғын көрген Арқадағы» [29]

— деген әнінен бастау алады. Одан соң Жаңаарқа ауданының гимні іспеттес Төкен Әлжантегінің «Жаңаарқа вальсі» әнінде де «*Атыңнан айналдым, Жаңаарқа*» деген сөздер бар.

<https://aikyn.kz> сайтында М. Жанысбай жазған «**Атыңнан айналайын, Қарқаралы**» (14.07.2022) деген мақала шықты [30]. Бұл мақалада үш рәміздің бірі Елтаңбаның авторы, профессор, сәулетші, «Барыс» орденінің иегері Жандарбек Мәлібековтің қасиетті Қарқаралыға келген сапары жайлы сөз болады. Қарқаралының әсем табиғатын, ескерткіштерін, Құнанбай салған мешіт т.б. мәде-

ни орындарын көрсетіп, солар туралы әңгімеленген бұл мәтіннің тақырыбын автор «Атыңнан айналайын, Қарқаралы»деп қояды жөн көрген.

Сол сияқты «Егемен Қазақстан» газетінің «Әдебиет» бөліміне филология ғылымдарының докторы С. Абдрахмановтың «**Атыңнан айналайын, Алтай**» (28.09.2017) деген атаумен тарихи мақаласы шықты [31]. Ғалым көпшілікке таныс емес орыс жазушысы Георгий Гребенщиков өмірін, оның шығармашылығын тарқата айтып берген мақаланың соңын жазушының өз сөзімен аяқтайды: «...Алтай менің Отаным болғандықтан емес, бүкіл адамзаттың шыққан жері, әлемнің бесігі, жер-жаһанның қонырауы болғандықтан, атының өзі қонырау үніндей қуатты һәм ізгілікті болғандықтан — *атыңнан айналайын Алтай!*». Тақырыпты да осы цитатадан алып қойған.

Тағы бір ән мазмұнына құрылған мақала — «**Ресейден шұбырып көш келеді...**» (Ө.Кемеңгер, 07.07.2022) [32]. Қазақстанға жаппай көшіп келіп жатқан Ресей азаматтары баяғы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» оқиғасын еске салатындай. Журналист те осыны жұмбақтап халық әні «Елім-ай!» әнінің:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Ел-жұртынан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлтілдеп жас келеді [33]

— деген сөздерімен берген. Орыс зерттеушісі Г.В. Денисова прецедентті мәтіндерді «күшті әдеби», «әлсіз әдеби», «күшті әдеби емес» деп жіктеп, ақын-жазушылар шығармаларын «күшті әдеби» мәтінге, өз кезеңіне ғана танымал шығармаларды «әлсіз әдеби» мәтінге, халық арасында танылған әндерді соңғы топқа жатқызған болатын. Сол «күшті әдеби емес» түріне жататын ән мәтіндері де газет тақырыптарын ретінде кездесіп отырады.

Қорытынды

Сонымен әртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған ән мәтіндері, прецедентті айтылым түріне жататын мақал-мәтелдер, афоризм мен сентенциялар, ақын-жазушылар шығармаларынан алынған прецедентті мәтіндер прецедентті феномендер тобын құрайды. Журналист мақаласының тақырыбына осы келтірінді құрылымдарды кей жерде өзгертіп, кейде тура қолдана білген. Сол арқылы прецедентті мәтін табиғатының ықшамды болып келетін, хабарды үнемді жеткізетін басты қасиетін тақырып қояуда ұтымды пайдаланған. Мақалалар мазмұны кейде прецедентті құбылыстар семантикасымен сәйкес келсе, кейде олар кері бағытта интерпретацияланады.

Жалпы публицистикалық туындыларда прецеденттік феномендер тақырып ретінде өте жиі ұшырасады. Себебі журналист тақырыпты халық жадында тез сақталсын, тез жатталсын, бірден ой туғызсын, назарын тез аударсын, қызығушылығын оятсын деп тандайды. Бұл сипаттар, әрине, прецедентті мәтін арқылы жүзеге асады. Психологтердің зерттеуінше оқырман қауымның 80 %-ы газет бетіндегі, Интернет желісіндегі мақаланы оқымай, тақырыпқа ғана назар аударады екен. Сондықтан да басылым беттеріндегі мәтін тақырыбының құрылымының ерекше қойылуы аса маңызды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Красных В.В. «Свой» среди «чужих»: миф или реальность? / В.В. Красных. — М.: Гнозис, 2003. — 375 с.
- 2 Васильев А.Д. Интертекстуальность: прецедентные феномены: учеб. пос. / А.Д. Васильев. — М.: ФЛИНТА, 2013. — 342 с.
- 3 Зарыққанқызы Қ. «Аспаннан шұға жауса да, кедейге ұлтарак бұйырмайды» [Электрондық ресурс] / Қ. Зарыққанқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/aspannan-shuga-zhausa-da-kedeyge-ultaraq-bujymajdy-17830.html>.
- 4 Зарыққанқызы Қ. Қой көрмеген қуалап өлтіреді [Электрондық ресурс] / Қ. Зарыққанқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/qoj-kormegen-qualap-oltiredi-18838.html>.
- 5 Сманов Б. Ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаудан неге қашамыз? [Электрондық ресурс] / Б.Сманов. — Қол жеткізу режимі: <https://kazgazeta.kz/news/40133>.
- 6 Мырзатай Жолдасбеков Димашқа батасын берді [Электрондық ресурс] // «Егемен Қазақстан» газеті. — Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/116283-myrzatai-zholdasbekov-dimashqa-batasyin-berdi>.
- 7 Зарыққанқызы Қ. Қазынада дефицит: Үкімет «тарта жесе, тай қалатынын» қашан ұғады? [Электрондық ресурс] / Қ. Зарыққанқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/qazynada-deficit-ukimet-tarta-zhese-taj-qalatynyn-qashan-ugady-18063.html>.

- 8 Әбдіхалықұлы Ө. «Тарта жесе, тай қалатынын...» шенеуніктер біле ме екен? [Электрондық ресурс] / Ө. Әбдіхалықұлы. — Қол жеткізу режимі: https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_ekonomy_price_crisis_world_employee_corruption/1367893.html.
- 9 Әбілдақызы Қ. Жолдау түбі алдау болып бара ма? [Электрондық ресурс] / Қ. Әбілдақызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/zholdau-tubi-aldau-bolyp-bara-ma-21571.html>.
- 10 Көшім Д. Әр дәуірдің заңы басқа [Электрондық ресурс] / Д. Көшім. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/ar-dauirdin-zany-basqa...-21497.html>.
- 11 Әбілдәқызы Қ. «Қой терісін жамылған тендерлер» [Электрондық ресурс] / Қ. Әбілдәқызы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/qoj-terisin-zhamylgan-tenderler-18587.html>.
- 12 «Қой терісін жамылған қасқырлар билікке ұмтылуы мүмкін» [Электрондық ресурс] / arasha.kz. — Қол жеткізу режимі: <https://arasha.kz/sajasi-signal-nazarbaevshyldar-men-oz-n-oppoziciya-sanajtyndar-el-ush-n-orasan-zor-qau-p/>.
- 13 Қой терісін жамылған қасқырлар [Электрондық ресурс] / ser-per.kz. — Қол жеткізу режимі: <https://ser-per.kz/zhanalyqtar/aimaqta/oj-terisin-zhamyl-an-as-ylar.html>.
- 14 Әлімқұл Д. «Қой терісін жамылған...» Полицей келбеті... [Электрондық ресурс] / Д. Әлімқұл, Д. Нұрмахан. — Қол жеткізу режимі: <https://m.astanatv.kz/index.php/kz/news/6227/>.
- 15 Адилова А.С. Көркем мәтіндердегі цитация құбылысы: моногр. / А.С. Адилова. — Алматы: Эверо баспасы, 2015. — 252 б.
- 16 Көрпебаев Қ. Адамды заман билейді, замана оны илейді [Электрондық ресурс] / Қ. Көрпебаев. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/adamdy-zaman-bilejdi-zamana-ony-ilejdi-20887.html>.
- 17 Абай. Қалың елім, қазағым... / Абай; жау. ред. З. Ахметов. — Алматы: Атамұра, 2002. — 224 б.
- 18 Жәлел О. Заман [Электрондық ресурс] / О. Жәлел. — Қол жеткізу режимі: <https://qazaqadebieti.kz/20166/zaman>.
- 19 Садуақастегі Н. Легионер. «Өзіңнен тумай ұл болмас!» [Электрондық ресурс] / Н. Садуақастегі. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/legioner.-ozinnen-tumaj-ul-bolmas!-21510.html>.
- 20 Бес ғасыр жырлайды / Құрастырған М. Мағауин, М. Байділдаев. Т.1. — Алматы: Жазушы, 1989. — 384 б.
- 21 Ашан А. Өтпелі кезеңнің өтелі кімде? [Электрондық ресурс] / А. Ашан. — Қол жеткізу режимі: <https://qazaqadebieti.kz/7672/tpeli-keze-ni-teli-kimde>.
- 22 Мақсат М. Ауыл клубында оқып жүр, талай қазақ баласы... [Электрондық ресурс] / М. Мақсат. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/auyl-klubyn-da-oqyp-zhur-talaj-qazaq-balasy...-21602.html>.
- 23 Ақылбай Ө. Сан мен санақ: Қазақстанды тандапты, талай шетел туристі [Электрондық ресурс] / Ө. Ақылбай. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/san-men-sanaq-qazaqstandy-tandapty-talaj-shetel-turisti-21365.html>.
- 24 Олжай А. Даудың басы — мектеп [Электрондық ресурс] / А. Олжай. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/daudyn-basy-mektep-21141.html>.
- 25 «Жусан иісі. Халықтың ақшасын қолды қылған Jusan bank мемлекетке қашан қайтады?» [Электрондық ресурс] / «Жас Алаштың» сараптама орталығы. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/zhusan-iisi.-halyqtyn-aqshasyn-qoldy-qylgan-jusan-bank-memleketke-qashan-qajtady-21575.html>.
- 26 Ақжігіт Ө. «Осы жұрт Жауғаштыны біле ме екен?...» [Электрондық ресурс] / Ө. Ақжігіт. — Қол жеткізу режимі: <https://newsroom.kz/kadrlar-kabineti2865550.html>.
- 27 Жасұлан Б. «Жайымды айтсам жасырмай, жағдайым менің осындай...» [Электрондық ресурс] / Б. Жасұлан. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/saraptama/zhajymdy-ajtsam-zhasyrmaj-zhagdayym-menin-osyndaj...-21322.html>.
- 28 Байғанин Ж. «Атыңнан айналайын, Алматы!..» [Электрондық ресурс] / Ж. Байғанин. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/kogam/atynnan-ajnalajyn-almaty!..-19489.html>.
- 29 Бәпиұлы М. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы!..» [Электрондық ресурс] / М. Бәпиұлы. — Қол жеткізу режимі: <https://bilim-all.kz/olen/10385-Qarqaraly>.
- 30 Жанысбай М. «Атыңнан айналайын, Қарқаралы» [Электрондық ресурс] / М. Жанысбай. — Қол жеткізу режимі: <https://aikyn.kz/205742/atynnan-aynalayyn-karkaraly/>.
- 31 Абдрахманов С. «Атыңнан айналайын, Алтай» [Электрондық ресурс] / С. Абдрахманов. — Қол жеткізу режимі: <https://egemen.kz/article/158915-atynnan-aynalayyn-altay>.
- 32 Кемеңгер Ө. «Ресейден шұбырып көш келеді...» [Электрондық ресурс] / Ө. Кемеңгер. — Қол жеткізу режимі: <https://zhasalash.kz/economic/resejden-shubyryp-kosh-keledi...-20958.html>.
- 33 Қазақ ауыз әдебиеті. «Елім-ай» [Электрондық ресурс] / Қазақ ауыз әдебиеті. — Қол жеткізу режимі: <https://bilim-all.kz/olen/8127>.

А.Ш. Каппасова, А.С. Адилова

Газетные заголовки как прецедентные явления

В статье рассмотрена проблема прецедентных явлений в газетных текстах. Лингвокультурология — это новое направление, которое изучает соотношение языка и культуры, культуру нации через язык. Данная наука возникла на основе взаимосвязи основных вопросов лингвистики и культурологии. Основная форма, основная единица — прецедентные феномены. Одним из инструментов, передающих из поколения в поколение основную ценность памяти каждого народа, являются эти прецедентные феномены. Через это явление проявляется специфика каждой нации, каждого народа. Авторами проведен анализ прецедентных текстов из произведений поэтов и писателей, прецедентные феномены из сферы музыки, пословиц, афоризмов, сентенций в качестве темы текста. При изучении статей в средствах массовой информации использованы методы сравнения, анализа, обобщения. В результате были собраны и теоретически доказаны прецедентные тексты, примеры прецедентных типов высказываний, образующих прецедентные явления в газетном языке.

Ключевые слова: прецедентный феномен, прецедентный текст, прецедентное высказывание, пресса, афоризм, сентенция, язык газеты, лингвистика.

A.Sh. Kappasova, A.S. Adilova

Precedent phenomena as newspaper headlines

Біріншіден, Кенесары бастаған қозғалыс алғашқы зерттеу еңбектерінде «ұлт-азаттық көтеріліс» деп аталды, келе-келе, әсіресе, кеңестік дәуірде бұл түсініктеме өзгертіліп, «ескілікті көксеген, реакцияшыл, кертартпа қозғалыс» деген атауға ие болды. Шын мәніндегі осынау ірі тарихи оқиғаның қыр-сырын ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалым Е. Бекмахановтың еңбегі де, өзі де қандай қуғын-сүргінге ұшырағаны белгілі;

Екіншіден, патшалық үкіметті тағынан тайдырып, билік басына келген большевиктер партиясы сөз жүзінде қалың бұқараны уысынан шығармау үшін небір саяси ұрандарды ұтымды пайдаланса да, келе-келе «езуші тап», «езілуші тап» деген жіктеуге арқау болған идеологияның арқасында иісі орыс адамына айтылған кейбір пікірлерге тосқауыл қоя бастады, сөйтіп, ұлы державалық шовинизм бой көтерді. Қалың жұртшылықтың сеніміне ие болған тоталитарлық жүйе өз дегенін істеді.

Үшіншіден, XIX ғасырдың орта тұсындағы Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалыс тек ұлт-азаттық қозғалысы ғана емес, қазақтың мемлекеттігін сақтап қалуға бағытталған жанкешті оқиға еді деуге толық негіз бар. Себебі, сол ғасырдағы Ресейдің күш-қуатын Кенесары білмеді деу — ақымақтық. Біле тұра, күреске шықты. Мерт болды. Ендеше, тек ел басына күн туғанда ғана шынайы ерлер тарих сахнасына шығады, ал ол ерлердің соңынан халық ере білетіндігін көне тарих әлдеқашан дәлелдеген [5, 18].

Кенесары қозғалысы туралы шынайы баға Е. Бекмахановтың «Қазақстан. XIX ғасырдың 20-40 жылдары» атты еңбегінде жазылғандығы көзі қарақты оқырманға мәлім. Елдің шаңырағының шайқалып, іргесінің сөгілмей, елдігін сақтауда Кенесарымен бірге Ағыбай, Наурызбай, Бұқарбай, Жоламан, Жанайдар, Құдайменді сынды т.б. батырлар басын бәйгеге тікті. Қасым төре балаларымен ерте жас-тан етене жақын болып, тізе қосып талай қанды қырғынды көрген, Есенгелді мен Саржанның сенімді серігі, Кенесарының құрдасы әрі бас қолбасшысы, Наурызбайдың «Ағекесі», Алаш әскерінің ұраны болған — Ағыбай батыр болатын. Кенесары-Наурызбай есімдері аталғанда Ағыбай есімі де қатар аталатыны мұның айғағы.

Ағыбай есімі ұранға ғана айналып қоймай қаншама аңыз, тарихи жыр-дастандар мен зерттеулерге, көркем шығармаларға арқау болды. Бұл жөнінде филология ғылымдарының кандидаты Марат Әбсеметтің Ағыбай батыр туралы мақаласынан үзінді келтірелік: «1914 жылы Қазан қаласында Есім төре иждиһатымен алаш көсемі Әлихан Бөкейханов Ағыбай батыр туралы «Қызыл Қайнар Тектұрмас» деген кітапты жарыққа шығарды.

Қазақ әдебиетінің классигі С. Сейфуллин «Ақжолтай батыр» атты роман жазған болатын. Бірақ, бұл шығарма бізге жетпей, қуғын-сүргін жылдары асыл ағамызбен бірге келмекке кетті.

Ағыбай батыр бейнесі ұлы суреткер М. Әуезов және М. Көпеев, Д. Әлімбаев, И. Байзақов, Ә. Қоңыратбаев, Қ. Жұмалиев, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, Қ. Бекхожин, І. Есенберлин шығармаларында әр қырынан танылып отырады. Батырдың тарихи тұлғасын 40-шы жылдары белгілі тарихшы-ғалым Е. Бекмаханов өзінің әйгілі еңбегінде жазған еді.

Ағыбай жөнінде Жүсіп Алтайбаев «Ер Ағыбай» атты повесть жазған, бірақ жазушы жаңа туындысын жарыққа шығара алмай көз жұмды. Тоқырау жылдарындағы сыңаржақ түсініктің нәтижесінде орыс империясының қас жауы Ағыбай батырдың аты О. Сәрсенбаевтың «Тамыр» деген повесінде Алыбай деп берілген еді» дейді ғалым [2].

Ақын, ф.ғ.д., профессор Аманжол Әлтай Ағыбай батыр образы бейнеленетін әдеби мұраларды төмендегідей топтарға бөлген болатын:

1. Ағыбай жайында халық арасында сақталып келген аңыз-әңгімелер, бұған «Ағыбай мен Наурызбай», «Бақ құсы», «Көтібардың асы», т.б. аңыз-әңгімелер тізбегін атауымызға болады. Бұл тұста аңыз-әңгімелердің сақталуына Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Доскей Әлімбаевтардың ықпалы зор.

Жоғарыда аталған халық мұрасын жинастырушылардың жеткізген дүниелері, т.б. көптеген аңыз-әңгімелер Қазақстан ҰҒА-ның Орталық кітапханасының қолжазбалар қорында сақтаулы (1226, 1296, 1331, 1337. 1332-п.).

2. Жыр-дастандар, өлеңдер. Мысалы, «Наурызбай-Қаншайым», «Ақжолтай Ағыбай батыр», «Кенесары-Наурызбай» т.б. (ҰҒА ОКҚК 1330, 1331, 1332-п.).

Иса Байзақов «Қойшының ертегісі», Ж. Қашқынов «Ақжолтай Ағыбай», С. Мәуленов «Ағыбай күмбезі», т.б.

3. Драмалық және прозалық туындылар. Ж. Алтайбаев «Ер Ағыбай» повесі, Ж. Қашқынов «Ақжолтай Ағыбай батыр» очеркі, М. Әуезов «Хан Кене» пьесасы, т.б. туындылар [7].

Көріп отырғанымыздай Ағыбай батырдың көркем образы бастауын қазақ фольклорынан алып, ақындардың шығармашылығында жалғасын тауып, прозалық және драмалық шығармаларда одан әрі тереңдей түскен.

Тарихшы Е. Бекмаханов 1947 жылы жарық көрген еңбегінде XIX ғасырдағы Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтерілістің мәнін тарихи негізде жан-жақты қарастырып, әскер батырларын атағанда: «Кенесары әскерінің ішінде қазақтың үш жүзінен аса беделді, аты жұртқа әйгілі батырлары болды. Шұбыртпалы руынан шыққан Ағыбай...» деп Ағыбайға бірінші тоқталған болатын. Профессор М. Әуезов «Қазақ әдебиеті тарихында» (1948): «Кенесары тобындағы батырлардың ішінде арнаулы жыр, әңгіменің қаһарманы болып, ел қиялында ертегідей батыр бейнесінде көбірек жырланатын — Ағыбай батыр... «Наурызбай-Қаншайым» жырында Ағыбай жол көрген аға батыр, Наурызбайға ақылшы, серік болады» деген [5, 11].

Мұнан біз Ағыбай батыр туралы жыр-дастандар, аңыз-әңгімелер, оның көзсіз батырлығы мен елдің егемендігі үшін жасаған ерлігі, ел ауызындағы тапқыр шешендігі мен ақынжандылығы, қысылтаң шақта қиыннан қиыстырып, түрен салып, жол табуы сынды тұлғалық қасиеттерінің басым көпшілігі XIX ғасырдағы Қасым балалары бастаған ұлт-азаттық қозғалыспен, әсіресе, қазақтың соңғы ханы аталған Кенесары, «жігіттің сырттаны» атанған хан інісі Наурызбай батырмен бірге әрі қатар аталып, сол тұста тұлғалық болмысының биіктеген үстіне биіктей түскенін байқаймыз.

Бұл жазушы Ж. Алтайбаевтың «Ағыбай батыр» повесінде де көрініс тапты [14]. Повестің бас қаһарманы Ағыбай батыр болса да оның тарихи болмысын, бейнесін Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыстан бөліп алып қарай алмайтынымыз сынды І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы «Қаһар» романындағы бас кейіпкер хан Кенені құрдасы әрі әскерінің бас қолбасшысы, «Ақжолтайы» атанған Ағыбай батырдан бөліп қарай алмаймыз. Мұнан төре балаларымен батырдың ерекше сыйласып өткендігі аңғарылады.

Қырғыз Алатауындағы қалың қоршаудан шыққан қазақ батырлары арасында болған көтерілістің шежірешісі Нысанбай жырау да Бұхарбай батырмен еліне қайтып, бара жатып:

«А – Құдайлап», Абылайлап»

Қалыңға тиіп қалдық андағайлап,

Басына түссе нәубет қиын екен,

Ақыры әрең құтылды Ағыбайлап», – деп айтқан екен.

Ал, Ағыбай болса ол:

Кенесары құрдасым,

Бірге туған сырласым.

Арыздаспай айырылыстық

Ақыретте қимасым.

Наурызбай беренім

Қайратты туған ер едің

Маңдайыңнан иіскеп

Қош, Наурызжан, демедім, — деп қайғырыпты [2].

Қара сөздің білгірі М.Ж. Көпейұлы «Сыздық төренің айтқаны» жазбасында: Ағыбай батыр Балқаш бойындағы Тасарал деген жерде қоныстанып отырса, сәлем беруге Сыздық төре келіпті. Сөз арасында Сыздық төре: «Ағаке, өміріңізде не арманыңыз бар, не өкінішіңіз бар?» – деп сұрапты. Сонда батыр «Арман мен өкініш неге болмасын, анау қырғыз Алатауында қалған Наурызбайдың «Ағаке»

деген даусы әлі құлағымнан кетпейді» – депті. «Бір Кенекем мен Науанды құтқарам деп Аркадан қол жинап Черняевты үш рет шаптым, Науанжанымның құны деп Кәрібоздың басын алдым», – деген екен [5, 68]. Кенесарының ұлы Сыздық төремен болған әңгіме тарихи негізсіз емес. Тарихи деректер бойынша: «Көтеріліс біткен соң 1847-1849 жылдар аралығында Ағыбай батыр орыс отаршыларымен қанды майданда тайсалмай соғысады. Бұл жылдары Абакумов пен Черняев және оларға ергендерді үш рет шабады. Кенесары-Наурызбай кегі үшін қырғыз манабы Кәрібоздың басын шауып Жантай мен Жанқараштың алдына тастайды» [2].

«Көшпенділер». Ілияс Есенберлиннің қылышынан қан тамып тұрған алмағайып заманда тарихи тақырыпқа жазылған осынау трилогиясы бойынша тәуелсіздікке дейін де, егемендік алғаннан кейін де көптеген зерттеулер жүргізілді. Трилогияның әрбір кітабының тарихи негізі мен көркемдік ерекшелігі, тілінің шұрайлылығы, деректердің дәлдігі мен тарихи тұлғалардың бейнесі, қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдайлар т.б. бәрі-бәрі әлі күнге жіті зерттеліп, тың тұжырымдар жасауға мұрындық болуы көркем туындының шынайы жазылғандығының әрі өміршеңдігінің айғағы.

«Қаһар». XIX ғасырда жан-жақтан анталап, жерің мен еліңді талан-таражға түсіріп, басып, жаншып, «қыздарыңды күң, ұлдарыңды құл етуге», қазақ жерін бөліп-бөліп алуға асыққан басқыншыларға деген елдің қаһары. Осы басқыншылыққа жаны төзбей, «елдің жайы ердің жайы» екендігін жан-тәнімен сезініп, басын бәйгеге тігіп, елдің ашу-ыза, кегін қуып, халықтың тұтастығын сақтауға талпынған Қасым балалары (Есенкелді, Саржан, Кенесары, Наурызбай т.б.) мен қазақ батырларының қаһары.

Біздің осы шағын мақаладағы негізгі объектіміз Ағыбай батыр образы мен тарихи дискурс категориясы болғандықтан О.Г. Плехова [15] ұсынған тарихи дискурста тән бірқатар дискурсивті формулаларды І. Есенберлиннің «Қаһар» романының мәтінінен іздейміз.

І. Есенберлиннің «Қаһар» романындағы тарихи жағдайларды дискурсивті формулалар бойынша топтастыралық:

- Мекеншақтық (хронотопические) дискурсивті формулалар:

1824, яғни қазақша Мешін жылы Көкшетау приказы құрылды. Бұл — ақ патшаның Абылай ұрпағының ата мекеніне ауыз салуы еді.

Қалмақтардың бетін қайырған соң, ұзақ жылдар бойы, Орта жүздің шын мәнісіндегі әміршісі болып келген Абылайды үш жүздің бас көтерер адамдары 1770 жылы ақ киізге көтеріп хан сайлады. Бірақ Екінші Екатерина патша өзінің 1778 жылы 24 майда берген Указында оны тек Орта жүздің ханы етіп бекітті.

- Фазалық дискурсивті формулалар / оқиғаларды кезеңге бөлудің дискурсивті формулалары / тарихи тұлғаның өмірі:

...Абылайдың жетпіске келгеніне ыңғайына қарай біресе Россия патшасына, біресе Қытай богдаханына икем көрсетіп, Түркістаннан бастап Есіл, Нұра бойына дейін көшкен қалың қазақтың еркінділігін жоғалттырмай ел ғып сақтап өткенін тағы да бір алуан жыр ғып шырқатты.

Қасым төре жолды әзірге Саржан мен Есенгелдіге бергенмен түбі Абылай жолын алып жүрер ортаншы ұлы Кенесары мен кіші баласы Наурызбай болар деп те үміттенетін.

...Жауыз құшбегі бізді алдап шақырған екен, Мәделіхан келген күні түнде Есенгелді мен Саржан сұлтанды диуан сарайына шақыртып алды. Сендердің Қоқан хандығына қарсы шығатын ойларың бар екен деп бастарын алдыртыпты.

- Биліктің дискурсивті формулалары (билік үшін күрес, билікті өзгерту және оны ұстап тұру), тарихи дискурсты саясатқа жақындатады:

...Осы жылдан бастап Қасым төре баласы Саржан сұлтан қол жинап патша әскері мен ұстапты жақтайтын Сәмеке, Бөкей, Уәли хандардың ұрпақтарына, Көкшетаудың аға сұлтаны Қара Токаның Зілқарасына қарсы күрес бастады. Ақырында Қоқан хандығының қол астына еніп, 1834, яғни Жылқы жылы осы хандықтың бас күші Ташкент құшбегі, тәжіктің Қалпы руынан шыққан Мәмет Әліммен тізе қосып, қазақ жерін Россия империясынан бөліп алмақ болып, алты мың әскермен Ұлытау өңіріне келді.

«Бір мың сегіз жүз қырық алтыншы жылы жиырма үшінші июнь күні төменгі қол қоюшы Ұлы жүздің Дулат, Албан, Сыбан, Шапырашты, Жалайыр руларының сұлтан билері, Қарқаралы, Аякөз, Көкпекті өкіріктерінің аға сұлтандарымен бірге отырып, осы мәжіліске қатысқан Сібір қазақтарының Шекара комиссиясының төрағасы генерал-майор және кавалер Вишневскийдің алдында өзіміздің ант қағазымызға мөріміз бен таңбамызды басып, біздің жерімізге келген ақ патшаға қарсы бас көтерген Қасым баласы Кенесары сұлтанды қоғам тыныштығын бұзушы, өзіміздің қас жауымыз деп санап,

онымен еш қарым-қатынас істемеуге келістік. Және Кенесары мен оның серіктеріне өзіміз жайлап отырған қонысымыздан жер бермеуге, ал егер бүгінді-соңды тіпті Кенесары біздің жерімізден қуылған күнде де, оның Орта жүз, әсіресе бізге жақын тұратын өкірік қазақтарына істегелі жатқан қастығын естісек күні бұрын үкімет орындарына хабар етуге уәделестік», – деп жазды олар өздерінің актісінде.

– Біздің тілек өзіңізде, алдияр тақсыр құшбегі, – деді Саржан тікелей, тілек біреу-ақ: сіздердің берген жауынгерлеріңіздің қандай ерлік іске бара алатынын біз ана жылы өз көзімізбен көрдік қой. Әрине айдалада жатқан қазақ елі үшін өзбек ағайынға жан қию оңай емес. Сондықтан қарамағыңыздағы Сыр бойын, Қаратау, Сайрам, Шу бойын жайлаған Қыпшақ, Қоңырат, Шымыр, Ысты, Сикым, Сыбан, Даныс ауылдарынан сарбаз жинап елімізді, жерімізді қорғауға мүмкіндік беріңіз.

«...Түбі ең күшті жауы Россия патшасы екенін Қасым төре балалары біледі. Егер оның отарлығынан құтыла алса, Қоқан хандығынан құтылуды оңай деп ойлайды бұлар. Сондықтан да жәрдем күтеді. Ал Қоқан хандығының берген жәрдемі ана жылғы... мұндай жәрдемнен қазаққа келер пайда жоқ. Енді бұлар бізсіз бастарын қоспақ. Жоқ, басын біріктіре алған дұшпаның қайралған қылышпен тең, абайлап ұстамасаң қолыңды алып түседі. Іштегі шұбар жыланды асыраудың қажеті жоқ, одан дер кезінде арылған жөн».

- Бағалаушы дискурсивті формулалар:

«Жоқ, мұндай күш жиналса қазақтар ең алдымен Қоқан хандығына қарсы шығады. Оны Бегдербек жақсы біледі. Өйткені Россия империясынан гөрі бұларға қазір Қоқан, Хиуа хандықтарының тегеуіріні батып отыр».

...Он жылдың ішінде Талды өзенінің сағасында Қарқаралы өкірігі, Қызылжар бекінісінің жанында Көкшетау өкірігі, Семей бекінісінің тұсында Аякөз өкірігі, Омбы қаласынан төмендеу Ақмола өкірігі, Жәміш бекінісінің қасынан Баянауыл өкірігі, Аман қарағайдан жоғары Құсмұрын өкірігі, Омбының оңтүстік саласында Үшбұлақ өкірігі құрылды. Бүкіл Арқа жеріне темір тор жабылды, енді тырп етіп көрші!

...Абылайдың тұсында Россия патшасы Сарыарқаны төңіректей бекініс сағаны болмаса, бәлендей ішіне кіре қоймаған-ды.

- Соғыс әрекеттерін жүргізудің дискурсивті формулалары:

...Таң құланиектеніп келе жатқандай бес мың атты әскер «Абылайлап» бекініске лап берді. Бір ғажабы қалың қол үзеңгілесе ат қоймай, дорбадан шашып жіберген бұршақ секілді, әр салт аттының аралары он-он бес құлаштай тым-тырақай шауып келеді. Екінші ғажабы, шапқыншылардың алдыңғы қатары зеңбіректер нысаналанған орға жақындамай, садақ оғы жетер жерден оқтарын ата сала кейін қарай бұрылып шаба жөнеледі. Бекініске тіпті ұмтылмайды. Көкпар, сайысқа үйренген қазақ бірі кейін шапса, бірі алға ұмтылып, оқты қардай боратты.

...Олардың атқандары сынау оқ тәрізді, әдейі бекініс ішіндегі ағаш үйлерге құрт салуға арналған оқ боп шықты. Қарапұшық бекініс ішіне қарап еді, әр жерден көкке лаулай көтерілген өртті көрді.

...Ақмола, Ақтау, Ортау бекіністерін алғаннан бері Кенесарының көңілі көтеріңкі тәрізді еді. Оның үстіне асығы алшысынан түсіп, Ағыбай мен Байтабын батырлар қас жауы Қоңырқұлжаның ең соңғы үш мың жылқысын айдап әкелді. Ал батыр қарындасы Бопай Сырымбет саласындағы Уәли ханның жесірі Айғанымның кең сарай алты ағаш үйінің күлін көкке ұшырып, қомасындағы басулы кигіз, иленген терісіне дейін қалдырмай барын сыпырып әкеп, ата кекті бір қайтарды.

- Себеп-салдарлық дискурсивті формулалар:

...Құдай абырой беріп Ақмола, Ақтау бекіністері тез алынды. Осы жеңістердің арқасы ғой, енді Қараөткел, Қарқаралы, Көкшетау, Баянауыл өкіріктерінің кей ауылдары бірден Кенесары жағына шыға бастағаны.

«- Атамекен Көкшетауын тастап, Қасым төре неге Қоқан хандығына қарай көшті? – деді ол сөзін алыстан қозғап. – Қазақта мақал бар емес пе «Бөтен елде сұлтан болғаныңша, өз елінде ұлтан бол» деген.

– Қасым төре қай жерде жүрсе де сұлтан, – деді Сейтен жақтырмағандай алая қарап. — Бүлік басы бұзықта дегендей, пәле ақ патшаның жылқы жылғы ұстабынан басталған жоқ па...».

«Қаһар» тарихи шығарма болғандықтан роман желісінде кездесетін тарихи дискурсқа тән дискурсивті формулалар бойынша жіктеуге сай келетін мәтіндер өте көп. Біз дискурсивті формулалардың мәнін ашатын шығарманың кейбір тұстарынан ғана үзінділер келтірдік. Негізгі нысанамыз Ағыбай батыр болғандықтан, тарихи дискурстың негізгі категорияларының бірі тарихи тұлға образына тоқталғанды жөн көрдік.

Тарихи тұлға Ағыбай батырдың күрделі де сан қатпарлы тарихи бейнесі мен көркем бейнесі бір-бірімен өте тығыз байланыста. Тарихи деректерде де, көркем туындыларда да батырдың ерен болмысы сақталған.

«Қаһар» романында алғаш рет Ағыбай есімі Ташкент сапарына Есенгелді, Саржанмен бірге аттанғандығымен аталады. «...Ташкентке жиырма жігітпен қолбасшы балалары Есенгелді мен Саржанды, шұбыртпалы Ағыбай батырды, Саржанның жиырма жасар баласы Ержанды жолға шығарады» [16, 11]. Бұл Қоқан хандығының Қасымға балаларыңды келелі кеңеске жібер деп алдаусыратуы еді.

Табын руының биі, сұлтан Тіленші ұлы Жоламан мен Кіші жүздің Есентемір руындағы жалғыз жиені батыр Байтабын арасындағы диалог кезінде аталатын «қоржынды Қара Бура» атауының неге қойылғандығының мәнін автор оқырманға түсінікті етуге тырысқанда Ағыбай батыр есімін де атайды. «...Байтабынның қоржынды Қара Бура деп тұрғаны хорунжий Карпов. Бұл өзі зор денелі, кеуде, білектерін жүн басқан ашушаң қара кісі. Әрине бұған Қара Бура деген ат дұрыс келеді. Ал қоржынды деген сөздің хорунжийден шыққанын қазақ әлдеқашан ұмытқан. Сондықтан қоржын арқалап жүрмейтін Қара Бураны неге қоржынды дейтіндерін өздері де білмейді. Сірә бұлар да руға бөлінетін шығар. Шұбыртпалы Ағыбай деген тәрізді, бұның да қоржынды делінуі содан болар дейтін де қоятын» [16, 32]. Кіші жүз сұлтаны мен батырының арасындағы диалогта басқаның аты аталмай Шұбыртпалы Ағыбай есімінің аталуы кездейсоқтық емес. Өйткені ақжолтай батыр есімі күллі алаш жұртшылығына ерліктің символы ретінде танылып үлгерген болатын. Оның Қасым төре балаларымен қатар аталуы да осының дәлелі іспетті. «Бүгін түнде ай бойы әр күні айдай созылып, әбден сары жамбас болып құшбегінің рабат сарайында күтіп жатқан Қасым төренің балалары Есенгелді, Саржан мен Шұбыртпалы Ағыбай бастаған жиырма жігіттің тағдыры шешілмек...» [16, 48].

Дәл осы романдағы төре ұлдарының Ташкент сапарының кезінде Ағыбай батырдың көркем бейнесінің бастаулары қалыптасқан. Жазушы бұған дейін бірді-екілі жерде атын атағанымен Есенгелді мен Саржанның Бегдербекпен алғашқы кездесуінен кейін Шұбыртпалы Ағыбай тұлғасын толығымен сипаттайды. «Шұбыртпалы Ағыбай Қасым төре балаларының соңынан ерген, кедейден шыққан батыр. Биыл отыз төртте, зор денелі, түкті қабақ, қара сұр, шүңірек көз кісі. Қолдары бақандай ұзын, саусақтары анау-мынау адамды маңдайынан бір шерткенде үнсіз қатыратындай салалы, жұп-жуан. Сақал-мұрттан ада дерлік, тек иек астында селдір ғана сақалсымақ бірдеңе бар. Құрдасы Кенесарыдан бастап үзеңгілес серіктерінің бәрі оны «көсе» деп атайды. Сырт бейнесі ызбарлы, бір көргеннен-ақ күш иесі екені танылады.

...Ағыбайдың ең сүйікті қаруы тоғыз буынды, жез сақиналы жуан қайың найза. ...Батырдың денелілігі соншалық, биіктігі кішігірім түйедей, атақты Ақылағына мінгенде, есекке мінген өзбектей, тізесі атының қолтық тұсын соғып тұрады.

Үсті-басы қара қоңыр, темір тор сауытты Ағыбайдың түсі орасан суық, сонау шүңет көздер қайтпас қайсарлық, таусылмас қайрат отындай жанады. Қандай жүректі жан болса да, Ағыбайды алғаш көргенінде алпамсадай ызбарлы түрінен сескенбей қалған емес. Ал әлдеқалай түнде кездескен адам, ертегінің дәуін көргендей жүрегі жарылып кете жаздайтын. Оның есінде батыр түн ұйқысынан шошып оятар бір құбыжық секілді өмір бақи қалатын» [16, 58]. Қаламгер батырдың кескін-келбетіне, киген киімі мен ұстаған қаруына, болмыс-бітіміне, сондай-ақ әкесі батыр Олжабай мен анасы Дәметкенге де тоқталып өткен. Жастай үш бауырымен әкеден қалғандығы, шешесінің төрт баланы асыраймын деп қолына сойыл ұстап барымтаға барғандығы, өжет ананың баулуында қанаттанған Ағыбайдың «суырылған көк темірдей әбден пісіп, мейлінше қайралған кезін» ел аузындағы тарихи деректермен (тарихи дискурс категориясының элементі — Ә.Ж.) үйлестіре отырып, шебер сомдаған.

Ағайынды сұлтандар Бегдербектен сескене түскенімен, өздерінің күдіктерін қастарына ерген төлеңгіттеріне ашпай, Ағыбайды ғана шақырып: «біз Мәделіханнан оралғанша Ержанды қасыңнан тас-тама. Және аттарыңа сақ бол, өзбек бақташылары бөтен жаққа әкетіп жүрмесін» деуі де батырға деген үлкен сенімнің белгісі.

Осы тұста Ағыбай бейнесінің тағы бір мен мұңдалайтын тұғыры сұлтандардың Қоқан ханымен жолығарындағы бәрінен бұрын қаруланған адамдардан секем алуы еді. «...үнемі айкаста өскен Ағыбай бірдемеден сескенді ме, кетіп бара жатқан сұлтандарға: — Біз де еріп барайық, — деп сондарынан жүре түсті. Бірақ ешік-аға алдын кес-кестеп: — Хан ием, тек Есенгелді мен Саржан мырзаларды ғана қабылдайды, — деді тағы да жайбарақат үнмен, — өзгелерің ұйықтай беріңдер.

- Әй, сен өзің... — деп Ағыбай ананы қолымен кейін сырғытып тастап, сұлтандардың соңынан жүре берем дегенде, Ержан қарынан ұстай алды да:

- Хан бұйрығы солай болса, жамандасып қайтесіз, Ағыбай аға, – деді қобалжып тұрғандарын жендеттерге сездіргісі келмей, – одан да ат жақты шолып қайталық.

Ағыбай бөгеліп қалды. Аналар ұзап кете барды. Батыр тісін қайрап тұр. Неге екенін өзі де білмейді, бір мезет анау Есенгелді мен Саржан мырзаларды қоршап кетіп бара жатқан ақ сәлделі, қанжар асынған адамдарды қуып жетіп, семсерін оңды-солды сілтеп, бастарын қағып алғысы келді.

Заты момын Ағыбайға мұндай ашу қайдан пайда болды, өзі де білмейді. Кенет көз алдына баяғыда өткен бір алыс уақиға елестеді [16, 66]. Иә, бұл оқиға сонау балаң шағында, әкесі дүниеден өткен жылғы қыстағы аға сұлтан Жамантайдың бұларға істеген қысастығы. Жалғыз інгенді «ақ патшаның шаңырақ салығын төлемепсіңдер» деп шабармандарының тартып әкетуі; Манабай, Танабай, Мыңбай үшеуінің ботаның жанына барып қоса боздауы; жас Ағыбайдың ботаны бауыздауға қимағаны суреттелгендігінен батырдың табиғатынан байқампаздығын, мейірімділігін, алайда өзіне істелген қиянаттардан жауды аямастыққа да, ерлікке де үйренгендігін аңғарасыз.

Қоқандықтар сұлтандар мен сондарынан ерген жігіттерді қырып салғанда Ағыбай мен Ержанның аман шығуы көптің көкейіндегі күдік күйінде қалмауын жіті қадағалаған қаламгер мұны да нанымды түрде былайша сипаттайды:

«Ержан ойға беріліп кеткен Ағыбайдың жеңінен ақырын тартып: — Ағыбай аға, аттарды бір шолып қайтайық, – деді.

...Топ жендет әр бөлмеде алты адамнан жатқан үш бөлменің бірінен соң біріне кіріп, он сегіз жігітті қойша бауыздап шықты. Тек Ағыбай мен Ержан аман қалды. Олардың бағына жендеттер ат қора жағына бармады. Ешік-аға сыртқы есікті күзетіп тұрған мосқалдау келген жасауылды шақырып алып:

– Сен барып әлгі екеуіне «сұлтандар келді» деп хабар бер деді.

Өздері есік алдында күтіп қалды. Қарулы Ағыбаймен кең аулада кездесуге жүрексінді.

Мосқал адам ерте кезде қазақ арасынан Қоқан хандығына сатылып келген құл болатын. Ағыбайды бауыр тартып, жасырын бір-екі рет тілдесіп те қалған. Ол көрші аулаға барысымен Ағыбайға болған уақиғаның бәрін айтты. «Алысқанмен құр қаза боласыңдар, тез аттарыңа мініп қашыңдар» деді. Ендігі айқастың орынсыз екенін түсінген батыр жендеттермен ұрыспақ боп қылышын суырып алып жұлқынған Ержанды еркіне қоймай соңынан ертіп, аттарға жайдақ міне сап ауладан шыға берді. Ұйқысынан шошып оянып, шылбырына жабысқан күзетші жігітті, томардай аяғымен теуіп жіберіп, шалқасынан түсірді [16, 68].

Ағыбай батырдың қатыгез, қаталдығы болса да сұлтандарға деген құрметі олардың өлімін естіртуінде де көрініс тапқан. Сондай-ақ ата дәстүрден де қалыс емес екендігі білінеді. «Ағыбай пұшпағына дейін терге батқан атынан қарғып түсіп, белбеуін мойнына салып, қазақтың жамандықты естіртетін көне дәстүрі бойынша, екі қолын көкке көтере, тізерлей отырып ағыл-тегіл жылаған қалпы суық хабарды естіртті [16, 84].

Қасым төренің Есенгелді мен Саржанның өлімінен кейін Кенесарыға Абылай атасынан қалған мұраны тарту етіп, батасын берген кезде де шағын топтың ішінде Ағыбайдың болуы оның төре ұлдары алдындағы, ел ішіндегі асқақ абыройының көрінісі. «Ол (Қасым төре — Ә.Ж.) сәске көтеріле Кенесары, Наурызбай, Ағыбайды және ауылында қонып жатқан Құдайменді батырды шақырып алды» [16, 85].

Кенесары Ағыбаймен тек жорықтар кезінде ғана емес, ел ішіндегі жағдайлар турасында да жиі кеңесетін. Батырдың да Кенемен құрдастығы керек жерінде өз көзқарасын еркін білдіріп, ақыл-кеңес те беруіне сеп болатын. «– Дұрыс, деді Ағыбай Кенесарымен құрдастығын пайдаланып, еркін сөйлеп, — жазығы жоқ орыс мұжықтарын шабудың қажеті қанша. Бұдан бізге зияннан басқа түсері жоқ, бұқараны босқа өшіктіріп аламыз» [16, 119].

Жоғарыдағы үзіндіден Ағыбай батырдың адамдарды ұлтқа бөлмей жалпы бұқараға деген көңілінің адалдығын байқасаңыз, Ақмола бекінісіне шабуыл жасар алдындағы томаға түйіліп, тосылып отырған сұлтандар мен батырлар алдында: «– Жоқ, төре, – деді басын көтеріп алып Ағыбай, — бүйірден қадалған тікендей болып отырған Ақмола бекінісін қалай да алуымыз керек», – деген байламынан аңғалдығын да, көзсіз ер екендігін де бағамдайсыз.

Сонымен қатар Кенесары қолды өзі бастағанда Ағыбайдың одан кейін, ал Кене ұрысқа қатыспағанда алдыңғы шепте үнемі Ағыбай батыр мен оның тобы жүрген.

Ағыбай атының жауға шапқанда ұран болуы тек аңыз күйінде айтылып қана жүрген жоқ, роман да да беріледі. «Көкбурылдың үстінде ажалдан қорықпай түрегеліп шауып бара жатқан Кенесарыны көргенде өзгелері де орындарында тұра алмады. «Абылай!», «Ағыбай!», «Атығай!», «Қабанбай!» деп

ұрандап бекініске лап қойды [16, 135], «...Ақыры «Абылай!», «Абылай!» деп салған ұранға «Ағыбай!», «Ағыбай!» деген күшті үндер қосылып, тынық түнді жер жарғандай тітірентті» [16, 244].

Кенесары мен оның батырлары, әсіресе, Ағыбай батыр жайында қазірге дейін де ел арасында аңыздар кең таралғанын жоғарыда айтып өттік. Ол аңыздар, ерлікке толы уақиғалар сол кездің өзінде де ел ішінде ауыздан-ауызға айтылып жүрген. Бұны көркем туындыдан да кездестіреміз: «Оның үстіне Кенесары мен оның батырлары жайында естіген ерлік әңгімелері де бала жігіттің көңілін еліктіретін. Әсіресе Шұбыртпалы Ағыбай батыр жайындағы аңыздар кәдімгідей қанын қыздырып, қиялына от тастайтын. Ағыбайдың сондай жау жүрек батырлығын мақтаныш ететін, өйткені Шұбыртпалы оған аталас ру [16, 157]. Міне, батырды Кенесары қол астындағы қауыммен бірге орыс патшалығына берілген аға сұлтан Жамантай, Қоңырқұлжа елдерінің жастары да мақтан еткен.

Ағыбайдың батырлық болмыс-бітімі тағы бірде былайша сипатталады: «Қапсағай қоңыр елең етіп басын көтеріп алды. Үй ішінде көлбей жатуына да себеп бар екен, енді ол малдас құрып отырып еді, басы керегенің ұшына тиер-тиместей зор денелі бір алып екен. Адамнан гөрі, ертегіде кездесетін дәулер тәрізді. Тек жалғыз көзді емес, екі көзді және сонау тас қабақты қоңырқай сұсты түсінде бір жылы шырайдың сазы білінеді.

... – Ағыбай тез ашуланса да, тез қайтты» [16, 213].

Батырдың келбеті сұсты, ірі денелі болғаныменен жүзіндегі жылылық; ашу-қайраты адуынды болғанымен ашуды ақылға жеңдіретін парасат пайымы болғандығы оның адами асыл қасиеттерінің белгісі.

Тағы бір көңіл аударарлық жайт Ағыбай тобының икемді әрекеті. Кенесары қандай да бір қиын-қыстау шақта осы топқа көп сенім білдірген. Әскери күш-қайраты жағынан да, ұрыста бір-бірін тез ұғысатын да, жау жағын айламен де алып ұратын осы — Ағыбай батыр тобы. Сөзіміз негізсіз болмауы үшін роман мәтініне үңілейік: «Осы жасақты басқаруды қайтадан ұрысуға жарап қалған Наурызбай мен Ағыбайға тапсырды. Бұл жасақтың бар міндеті баяғы бір сара жол, жау әскерін соңына түсіріп, бетпе-бет ұрысқа жеткізбей, тиіп-қашып әбден қалжырату» [16, 264].

Тарихи тұлға болмысы хақында ғалымдарымыз: «Ағыбай батыр тек жүрек жұтқан батыр, көзсіз ер, ел-жұртының тәуелсіздігі үшін басын өлімге қиған жанкешті тұлға ғана емес, сонымен қатар, салқын сабырдың, асыл мінездің биік парасат пайымның иесі болатын. Кісілік келбеті мен азаматтық ары, имандылығы мен инабаттылығы шебер ұштасқан, ақынжанды тұлға болатын-ды» [5, 20] десе, ендігі жерде «Көтерілістің бас сардары болып тағайындалған Ағыбайдың батырлығы, ақыл-парасаты, көрегендігі мен шешендік ұтқырлығы қалайда Кене ханнан бөлектемей, онымен үнемі бірге айтылатын ел әңгімесінің өзегіне айналып кеткен дегенді анықтай түскеніміз ләзім. Сондықтан, Ағыбай есімі аталған жерде Қошқарбай, Бұқарбай, Жанайдар, Базар, Танаш, Жолдаяқ т.б. батырлардың айтылатындығына да аса мән бергеніміз абзал» [5, 53] деген тұжырым батырдың бірлік пен ынтымақты да ту еткендігінің белгісі.

Қорытынды

Илияс Есенберлиннің «Қаһар» романында тарихи шындық пен көркем шындық біртұтастық көрініс тапқан. Жазушы тек бас кейіпкердің ғана емес, оның айналасындағы тарихи тұлғалардың да болмыс-бітімін, кескін-келбетін, парасат-пайымын, іс-қимылын терең суреттеу арқылы әрбірінің тарихи-көркем бейнесін философиялық-психологиялық тұрғыдан зерделей отырып, шебер сомдаған. Сондай-ақ бір-бірінен бөліп қарауға келмейтін, бірінсіз бірінің образы ашылмайтынын білген суреткер тарихи деректермен қатар олар жөнінде ел ішінде айтылып жүрген аңыз-әңгімелерді де, жыр-дастандарды да керек жерінде ұтымды қолданып отырған.

Романдағы біз қарастырып отырған Ағыбай батыр образы нақтылығымен, тарихи дәлдігімен, терең болмысымен, шеберлілігімен, адалдығымен оқырманның қызығушылығын тудырады. Роман жазылмай тұрып ақжолтай батыр төңірегіндегі, тарихи тұлға жайындағы дискурс тарихи шығарманың әрін одан әрі қоюландыра түскені даусыз шындық.

Ағыбай батыр туралы басқа көркем туындыларды (жыр-дастан, аңыз-әңгіме, прозалық, драмалық т.б.) қарамағанда бір ғана «Қаһар» романының өзінде тарихи тұлғаны сан түрлі қырынан танысыз. Ағыбай батырдың әрбір аты аталған тұстан оның образының биіктеген үстіне биіктей түскендігін көресіз. Мәселен, Қасым төре балаларына қосылуының себебі де, балалық шағы туралы дерек те, оның батырлық кескін-келбеті де, ұзақ жылғы айқастан қалыптасқан шеберлігі де, салт-дәстүрден ада еместігі де, келелі кеңестегі парасаты да, көзсіз ерлігі де, қайтпас-қайсарлығы да, дұшпанға қатал, досқа адалдығы да, іске тындырымдылығы да, қамқорлығы да, атының ұранға айналуы да т.б. бәрі-бәрі

оның болмысын өзгеден ерекшелеп, алаштың асқақ рухын «Ақжолтай Ағыбай батыр» арқылы суреттеп тұрғандай.

Тарихи тұлға туралы екі ғасырға жуық үзілмеген дискурс тарихи мәтіндер тудырған мәндер арқылы одан әрі тарихи дискурста өзектеніп, өміршеңдікке ұласатыны біз айтпасақ та түсінікті жайт.

Мақала №15-ВГ-23 «Ұлт тарихындағы Ағыбай батырдың тарихи және әдеби тұлғасы» жобасы аясында орындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет / С. Қирабаев. — Алматы: Ғылым, 2001. — 448 б.
- 2 Ағыбайтегі М.Ә. Ақжолтай Ағыбай батыр / М.Ә. Ағыбайтегі. — Жезқазған, 1992. — 180 б.
- 3 Ісімақова А. Ақжолтай Ағыбай батыр / А. Ісімақова, С. Сәкенов. — Алматы: Ғылым, 2002. — 632 б.
- 4 Хамзин М. Қазіргі қазақ романы / М. Хамзин. — Қарағанды, 2001. — 205 б.
- 5 Ер есімі ел есінде: Ақжолтай Ағыбай батырдың 200 ж. торқалы тойына арналған «Арқаның ардақты тұлғалары» атты Респ. ғылыми-практ. конф. матер. жинағы / Ред. Ж.С. Ақылбаев. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2002. — 269 б.
- 6 Шөженов Ж. Ақжолтай Ағыбай батыр / Ж. Шөженов. — Қарағанды: Қарағанды экономикалық ун-ті, 2002. — 234 б.
- 7 Әлтай А. Шашақты найза: Ағыбай батыр бейнесі әдебиетте / А. Әлтай. — Астана: Фолиант, 2002. — 148 б.
- 8 Бисенбаев П. Ағыбай батыр жайындағы жыр-аңыздардың тарихи негізі / П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов // Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Тарих сериясы. — 2016. — № 2(81). — Б. 51-53.
- 9 Барт Р. Дискурс истории / Р. Барт // Система моды. Статьи по семиотике культуры. — М., 2003. — С. 438–440.
- 10 Мусаева Е.М. Когнитивный анализ способов метафорического представления концепта «Американская нация в историческом нарративном дискурсе» (на материале английского языка): дис. ... канд. филол. наук. 10.02.04 — «Германские языки» / Е.М. Мусаева. — СПб., 1997.
- 11 Лубский А.В. Дискурс исторический / А.В. Лубский // Теория и методология исторической науки: терминолог. сл. — М.: Аквилон, 2014. — С. 93–95.
- 12 Миньяр-Белоручева А.П. Роль концептуальных метафор в историческом дискурсе / А.П. Миньяр-Белоручева // Герценовские чтения. Иностранные языки: материалы Всерос. межвуз. науч. конф. — 2015. — С. 11–13.
- 13 Zhakulayev A.M. Features of literary and historical discourse / A.M. Zhakulayev, S.U. Takirov // Bulletin of the Karaganda university. Philology series. — 2022. — No 1 (105). — P. 124-130.
- 14 Алтайбаев Ж. Ағыбай батыр: повесть және әңгімелер / Ж.Алтайбаев. — Алматы: Жазушы, 1996. — 169 б.
- 15 Плехова О.Г. Исторический дискурс: институциональные характеристики / О.Г. Плехова. — СПб., 2016.
- 16 Есенберлин І. Қаһар / І. Есенберлин. — Алматы: Атамұра, 2003. — 288 б.

А.М. Жакулаев, А.М. Бабашов

Образ Ағыбай батыра в романе И. Есенберлина «Қаһар» («Хан Кене»)

В статье рассмотрен исторический и художественный образ исторической личности Ақжолтай Ағыбай батыра на основе категории исторического дискурса. Проанализированы различные версии известных событий, легенд жизненного пути Ағыбай батыра. Значение национально-освободительного восстания во главе с Кенесары Касымовым в романе Ильяс Есенберлина «Қаһар», историческая личность главнокомандующего хана Кене Ағыбая батыра, связь его художественного образа в литературных произведениях с историческими данными, исторические условия в романе сгруппированы по ряду дискурсивных формул, характерных для исторического дискурса, предложенных О.Г. Плеховой. Также изучена интерпретация исторической личности и исторических фактов в художественном тексте, являющихся главным дискурсивом категории исторического дискурса. Образ Ағыбай батыра исследован с точки зрения основных элементов исторического дискурса, таких как основные события и его участники; контекстное значение; обстоятельства в событиях; сведения, связывающие дискурс с событиями; хронологическая реальность событий; содержательное изложение сюжетов и драматизации. В исследовании использовались традиционные, сравнительные, сопоставительно-аналитические, интерпретационные, семантические методы.

Ключевые слова: дискурс, исторический дискурс, историческая личность, Ағыбай батыр, дискурсивная формула, интерпретация.

The image of Agybay batyr in the novel “Qahar” (Fury) by I. Yesenberlin

In this article, the historical and artistic image of the historical figure Akzholtai Agybai batyr is considered on the basis of the category of historical discourse. Various versions of significant events and Legends of Agybay batyr's life in the study of scientists are analyzed. The significance of the National Liberation uprising led by Kenesary Kasymovich in the novel “Qahar” by Ilyas Yesenberlin, the historical figure of Agybay batyr, the commander-in-chief of Khan Kene and the chief Sardar of the uprising, the connection of his artistic image in literary works with historical data will be discussed. The historical conditions in the novel are grouped according to a number of discursive formulas characteristic of historical discourse proposed by O. G. Plekhova. In addition, the interpretation of historical personality and historical facts in the literary text, which is the main discursive of the category of historical discourse, is studied. The image of Agybay batyr is studied from the point of view of the main elements of historical discourse, such as the main events and their participants; contextual meaning; circumstances in the events; evaluation of its participants; information connecting the discourse with the events; chronological accuracy of events; substantive presentation of plots and dramatization. In the course of the study, traditional, comparative, comparative-analytical, interpretive, semantic methods were used.

Keywords: discourse, historical discourse, historical figure, Agybay batyr, discursive formula, interpretation.

References

- 1 Kirabayev, S. (2001). *Ult tauelsizdigi zhane adebiet* [Failure of the nation]. Almaty [in Kazakh].
- 2 Agybaitegi, M.A. (1992). *Akzholtai Agybay batyr* [Akzholtay Agybay batyr]. Zhezkazgan [in Kazakh].
- 3 Ismakova, A., & Sakenov, S. (2002). *Akzholtai Agybay batyr* [Akzholtay Agybay batyr]. Almaty [in Kazakh].
- 4 Khamzin, M. (2001). *Qazirgi qazaq romany* [Modern Kazakh novel]. Karaganda [in Kazakh].
- 5 Akybayev, Zh.S. (Eds.). (2002). *Er esimi el esinde: Aqzholtai Agybai batyrdyn 200 zh. torqaly toiy na arnalgan "Arqanyn ardaqty tulgalary" atty Respublikalyq gylimi-praktikalyq konferentsiia materialdarynyn zhinagy* [People remember the name of a person: a collection of materials of the Republican scientific-practical conference “Honorary figures of the Arch”, dedicated to the 200th anniversary of Akzholtay Agybay batyr]. Qaragandy, Qaragandy memlekettik universitetinin baspasy [in Kazakh].
- 6 Shozhenov, Zh. (2002). *Akzholtay Agybay batyr* [Akzholtay Agybay batyr]. Qaragandy, Qaragandy yekonomikalyq universiteti [in Kazakh].
- 7 Altay, A. (2002). *Shashaqty naiza: Agybai batyr beinesi adebiette* [Spear with fringe: the image of Agybay batyr in literature]. Astana [in Kazakh].
- 8 Bisenbayev, P., & Karibozov, E. (2016). *Agybai batyr zhayyndagy zhyr-aңызdardyn tarikh negizi* [The historical basis of the epic and legends about Agybai Batyr]. Almaty [in Kazakh].
- 9 Bart, R. (2003). *Diskurs istorii* [Discourse of history]. *Sistema mody. Stati po semiotike kultury* - Fashion system. Articles on the semiotics of culture. Moscow [in Russian].
- 10 Musaeveva, E.M. (1997). *Kognitivnyi analiz sposobov metaforicheskogo predstavleniia kontsepta "Amerikanskaia natsiia v istoricheskom narrativnom diskurse"* (na materiale angliiskogo yazyka) [Cognitive analysis of the ways of metaphorical representation of the concept American nation in historical narrative discourse (based on the material of the English language)]. Saint Petersburg [in Russian].
- 11 Lubskii, A.V. (2014). *Diskurs istoricheskii* [Historical discourse]. *Teoriia i metodologiya istoricheskoi nauki: terminologicheskii slovar* - Theory and methodology of historical science: terminological dictionary. Moscow [in Russian].
- 12 Miniar-Beloruicheva, A.P. (2015). *Rol kontseptualnykh metafor v istoricheskom diskurse* [The Role of Conceptual Metaphors in Historical Discourse]. Moscow [in Russian].
- 13 Zhakulayev A.M., & Takirov S.U. (2022). Features of literary and historical discourse. *Bulletin of the Karaganda University. Philology series*, 1 (105), 124-130.
- 14 Altaybaev, Zh. (1996). *Agybai batyr: povest zhane anggimeler* [Agybay Batyr: a story and stories]. Almaty [in Kazakh].
- 15 Plekhova, O.G. (2016). *Istoricheskii diskurs: institucionalnye kharakteristiki* [Historical Discourse: Institutional Characteristics]. Saint Petersburg [in Russian].
- 16 Esenberlin, I. (2003). *Qahar (Khan Kene)* [Fury]. Almaty [in Kazakh].

К.А. Төлеубаева, А.М. Смагулова*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: k.toleubaeva@mail.ru, aizada220513@gmail.com)

Көркем идея және драматизм

Мақалада қазақ әдебиетінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан повесть жанрындағы драматизм мәселелері қарастырылған. Мақаланың мақсаты — қазақ қаламгерлерінің шығармашылығындағы драматизмнің әдеби-эстетикалық қырларын назарға ала отырып, қазіргі жаңа бағыттағы қазақ повестеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасау. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Оралхан Бөкейдің «Атау кере (Қауіпті будан)» және Әлібек Асқаровтың «Батқан күннің бояуы» туындылары. Зерттеу барысында саралау, теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Көптеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынып, драматизмнің шығармадағы ірі қозғаушы күш екендігі айқындалды. Зерттеудің нәтижесінде аталған повестердегі драматизмнің эстетикалық мәні мен көркемдік қызметі талданып, әр жазушының қоғамдық-әлеуметтік ортасындағы тартыстар мен қарама-қайшылықтар оның шығармашылығында із қалдыратындығы, авторлық концепция мен жазушының дүниетанымы драматизмде айрықша көрініс табатыны тұжырымдалды.

Кілт сөздер: драматизм, повесть, конфликт, тартыс, эстетикалық категория, авторлық концепция.

Kipicne

Ұлт жадында ғасырлар бойы туып, дамып, қалыптасып келген биік рухты рухани мұра тоталитаризм тұсында тапталып, жазылмағандықтан, тәуелсіздік жылдарында ұлтшыл суреткерлер алдында нақты қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жадыны жаңғырту қажеттілігі тұрды. Сондықтан да дәл сол кезеңде көркем әдебиетте айрықша көтерілген жеке тұлғаның рухани адамгершілік әлеуеті, адамгершілік-гуманистік проблематикасы, философиялық этикалық проблемалары аз да болса «жылымық сәттің» нәтижесінде пайда болған сана сілкінісі мен серпілісінен туындаған тарихи, қоғамдық қажеттілік еді. Бейімбет Майлин іргетасын қалаған қазақ повесінің 1970-90 жылдардан бастап жаңа тынысы ашылып, түлеп, түрлене түсті. Қазақ қаламгерлерінің шығармашылығындағы драматизмнің әдеби-эстетикалық қырларын назарға ала отырып, қазіргі жаңа бағыттағы қазақ повестеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасау мақаламыздың мақсаты болып табылады. Алуан жаңа бағыттар қарқынды дамуда, шығармалардың тақырыбы мен мазмұны өзгерген. Кезеңінде бұрмаланған, тыйым салынып қудаланған ұлттық-тарихи тақырыпқа арналған, қазақ қоғамының сырын сипаттайтын повестер жарыққа шықты. Жаңа бағыттағы туындылардан соны ізденістерді байқауға болады. Қазақ прозасының Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбайұлы, Оралхан Бөкей, Төлен Әбдік, Сайын Мұратбеков, Тынымбай Нұрмағамбетов, Қалихан Ысқақ, Бердібек Соқпақбаев секілді саңлақ жазушылардың қазақ прозасында өз орны бар, өз бағасын алған көркем шығармаларымен қатар кейінгі жылдардағы алдыңғы қатардағы Думан Рамазан, Әлібек Асқаров, Асқар Алтай, Роза Мұқанова секілді прозашылардың шығармалары сөз өнеріне қосылған сүбелі үлес те, әдебиеттану ғылымына қомақты азық болмақ.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің дерек көзі ретінде әдебиеттану ғылымында драматизм категориясына байланысты жазылған ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Атап айтқанда қарастырылып отырған кезеңнің әдебиет саласын және осы дәуірде туған әдеби шығармалар туралы З. Қабдолов [1], С. Қирабаев [2], С. Қасқабасов [3], Ш. Елеуенов [4], Р. Нұрғали [5], Б. Майтанов [6], Ж. Дәдебаев [7], Т. Тоқбергенов [8], С. Әшімбаев [9], З. Серікқалиев [10], Қ. Ергөбеков [11], М. Хамзин [12], Т. Сыдықов [13], Б. Сарбалаев [14], Қ. Әбдесұлы [15], Б. Кәрібаева [16], С. Жұмабек [17], Г. Пірәлиева [18] және орыс әдебиеттану ғылымында драматизм категориясына байланысты Г.Н. Поспелов [19], В.Е. Хализев [20], В.И. Тюпа [21], И.Ф. Волков [22] т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Аталмыш ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көркем шығармадағы авторлық ұстаным, көркем образдар жасаудағы қаламгер шеберлігі, драматизм табиғатының көркемдігі, туынды-

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: aizada220513@gmail.com

лардағы поэтикалық ерекшеліктер жан-жақты кешенді сараланған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Оралхан Бөкейдің «Атау кере (Қауіпті будан)» және Әлібек Асқаровтың «Батқан күннің бояуы» повестеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасалынды. Зерттеу барысында саралау, теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Драматизмді әдебиеттің әр жанрынан кездестіруге болады, әсіресе оқиғасы шағын, кейіпкерлері аз повестен, әңгімеден айрықша аңғаруға болады. «Повесть — эпикалық проза жанрының бір түрі. Повестке оқиға тізбегін баяндау, хроникалық әңгімелеу тәсілі тән» [23; 430]. Академик З. Қабдолов повестке мынандай анықтама береді: «Әңгімеге қарағанда, повестің көлемі де үлкен, сюжеті де күрделі, ондағы өмірлік тартыстардың оқиғаларға тұтаса басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі де әлдеқайда табиғи, заңды. Оқиғаларға қатынасатын қаһармандар да біреу емес, бірнешеу, кейде тіпті ондап саналады. Персонаждардың ішкі-сыртқы бітім-бейнелері бедерлі, арақатынастары арналы, әжептәуір өріле, өрістетіле, қалыптасу даму үстінде көрсетіледі» [24; 327]. Қазақ әдебиетінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан жанр десек те, жаһандану үрдісінің ықпалымен көркем әдебиеттің қарқынды даму барысында повест жанры да жаңару, жетілу үстінде.

Повестің ең басты негізгі қасиеті ондағы драматизмнен көрінеді. «Драматизм (лат. drama — әрекет) — адам өмірінің, адам мен оны қоршаған қоғамдық және табиғи ортаның арақатынастарының қайшылықтары мен қиғаштықтарын бейнелейтін категория. Шындықты өз күрделілігі мен қайшылықтарында суреттеу арқылы реалистік өнер өмірдің драматизміне, адамдардың тағдыры мен тауқыметіне терең бойлайды. Өмірдегі қайшылықтардың ерекше эстетикалық формасының белгісі ретінде өнерде адамның қарама-қайшы іс-әрекеттерін, идеяларын, талпыныстарын, алауыздықтарын суреттеу формасы ретіндегі драмалық тартыс — драматизмнің толық және шоғырланған көрінісі болып табылады. Шынайы өнерде драмалық конфликт өзінің тереңдігімен қатар идеялық және әлеуметтік маңызымен, өткірлігі және шиеленісімен көзге түседі, демек ол шығарманың адамға эстетикалық әсерін күшейтеді» [25; 142].

Әдебиеттің проза жанрындағы драматизмді зерттеген адам академик Р. Нұрғали. Ғалым драматизмді әдеби-эстетикалық категория дейді де, әдебиеттің барлық жанрларында кездеседі және оның жалпылық және жинақтаушылық сипаты бар ұғымдардың қатарына жатқызады [26; 28]. Яғни драматизм философияның бір саласы, категория философия ғылымынан туындайды. Ал эстетика — әсемдік туралы ғылым. Әдебиет — сөз өнері ретінде эстетикалық қасиеті бар екені айдан анық. Образ және образдылық әдебиет ұғымдарының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Егер кеңінен қарастырсақ көркем образ өмір шындығын әр қырынан көрсету үшін өнер саласында ғана қолданылатын тәсілді сипаттайтын эстетикалық категория. Қандай шығарма болсын драматизм кейіпкерлердің түрлі пікірлерінің қарама-қайшылығы, адалдық пен тоғышарлықтың күресі, адам мен қоғамның ширыққан қарым-қатынасы десек, драматизмнің шығармадағы ірі қозғаушы күш екендігін байқаймыз.

